№17 (302).
22 маусым,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





“ЖАҺАНДЫҚ ҒАРЫШ СЕКТОРЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРДІ”

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Үкімет мүшелері ғарыш саласының қазіргі жай-күйі, іске асырылып жатқан жобалар және даму перспективасы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы саланың стратегиялық мәнін атап өтіп, спутниктік байланыс пен ғарыш инфрақұрылымының орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев экономика мен мемлекеттік басқарудың игілігі үшін спутниктік жүйелерді дамытуға, ғарыш инфрақұрылымын жетілдіруге, сондай-ақ ғарыш деректеріне негізделген қолданбалы шешімдерді енгізуге бағытталған негізгі жобаларды жүзеге асыру жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық ғарыш секторы түбегейлі өзгерді. Бұл сала тек ірі державалардың «жабық клубына» тиесілі болған дәуір артта қалды. Бүгінде жеке компаниялар байланыс, хабар тарату, навигация, ғарыш мониторингі, ғылыми зерттеулер және интернетпен қамтамасыз ету секілді қолданбалы бағыттарды белсенді түрде дамытып келеді.

Бұдан бөлек, ғарышты игеру ғылымын ілгерілету мәселелері қаралды. Әсіресе, ғылыми зерттеулерге, соның ішінде астрофизикаға қолдау көрсету қажеттігі атап өтілді. Ұлттық технологиялық және инженерлік әлеуетті нығайтудың маңызды кезеңі саналған «Бәйтерек» жобасын іске асыру барысы оң бағаланды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы халықаралық ынтымақтастық перспективасына тоқталып, Ресей Федерациясымен және басқа да шетелдік серіктестермен стратегиялық ықпалдастықты дамыту қажет екенін айтты. Байқоңыр қаласы мен оған жақын аудандарда тұратын азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға мән берілді.

Президент Үкіметке ғарыш саласын жаңғыртуды және оның әлеуетін мемлекет мүддесіне тиімді пайдалануды көздейтін бірқатар нақты тапсырма берді.

Akorda.kz

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

Тарихтың терең қатпарларына үңілсек, мемлекеттердің тағдырын өзгерткен шешімдер көбіне саяси бәсекеден емес, ұлттық жауапкершіліктен туғанын көреміз. Кейде қоғамның алға жылжуына қайшылық емес, келісім қызмет етеді. Кейде бөліну емес, бірігу дамудың жаңа мүмкіндігін ашады. Сондықтан да белгілі бір кезеңдерде қабылданатын саяси шешімдердің мәнін күнделікті оқиғалардың өлшемімен емес, уақыттың үлкен таразысымен бағалау қажет.



Қазақстан саяси жүйесінде соңғы күндері елдің де, әлемнің де назарын аударған маңызды оқиғалардың бірі – AMANAT партиясының «ӘДІЛЕТ» партиясының құрамына қосылуы туралы шешім. Бұл жаңалықты тек партиялық кеңістіктегі өзгеріс ретінде қабылдау оның шынайы мазмұнын тарылтып жіберер еді. Өйткені мәселе белгілі бір ұйымдардың қайта құрылуында ғана емес. Бұл – еліміздің жаңа саяси кезеңге аяқ басуымен байланысты құбылыс.

Соңғы жылдары Қазақстан ауқымды саяси жаңғыру жолына түсті. Бұл өзгерістердің түпкі мақсаты билік жүйесін ғана реформалау емес еді. Оның түпкі мақсаты – мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді қайта қалпына келтіру, әділеттілікті қоғамдық дамудың негізгі қағидатына айналдыру болатын.

5-бетте »



Лондон университетінің профессоры Николас Симс-Уильямс



Профессор А.С.Подушкин



ҚАҢЛЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖАЗУЫ

Ежелгі Қаңлы мемлекетінің осыдан 2000 жыл бұрын жазуы болғандығын Қазақстан тарихшылары ғана емес, көптеген шетелдердің беделді ғалымдары да айтып та, жазып та келді. Біраз жыл бұрын Шымкент қаласында тұратын тарих ғылымдарының докторы, профессор, археолог Александр Николаевич Подушкин Арыс ойпатынан ежелгі Қаңлы мемлекетінің қышқа жазылған жазуын тауып, үлкен тарихи жаңалық ашқан болатынды. Осыдан бес жыл бұрын белгілі ғалым Парижге барып, Француз ғалымдары алдында баяндама жасап, үлкен беделге ие болды.

Зерттеп, зерделеу үшін осы құнды жәдігер Лондон университетінің профессоры, көрнекті палеолингвист Николас Симс-Уильямске берілді. Арада екі жыл өтіп, қуанышты хабар келді. Арыс ойпатынан табылған жазу екі мың жыл бұрын қышқа жазылған Қаңлы мемлекетінің жазуы болып шықты. Бұл әлем тарихындағы елеулі жаңалық десек, қателеспеген болар едік.

Жақында Алматы қаласында профессор А.Н.Подушкин «Қаңлы мемлекеті» атты лекция оқып, оған белгілі ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, зиялы қауым қатысты. Осы басқосуда адамзаттың өркендеуіне үлкен үлес қосқан Қаңлы мемлекеті туралы жаңжақты, тұжырымды, дәйекті әңгіме қозғалды.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Алматы қаласы.

БИЛЕР АЛЛЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚОЙЫЛҒАН ТАҒЗЫМ

Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің Жоғары соттары төрағаларының Қазақстанға сапары 18-ші маусымда басталған болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркі елдердің Жоғары Соттары төрағаларын арнайы қабылдап, елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси және құқықтық реформалар жөнінде айтып берді. Кездесуде заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ сот жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері сөз болды.
Ал 19-шы маусым күні Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркияның Жоғарғы соттарының Төрағалары Түркістанда бас қосты.

8-бетте »

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕГІ ТЫҢ ЖОБАЛАР: ӨНДІРІС – ӨРІСТІ ӨЛКЕ ӨРЛЕУІНІҢ КЕПІЛІ

Түркістан облысының инвестициялық көкжиегі кеңеюде. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Қытай сапары аясында халықаралық жетекші өнеркәсіптік және энергетикалық компанияларының өкілдерімен келіссөздер жүргізіп, өңір экономикасының жаңа даму мүмкіндіктерін талқылады.

Алдымен Kibing Group компаниясының басшылығымен инвестициялық ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. Компания құрылыс саласына арналған флоат және энергия үнемдейтін шыны өнімдерін, электрондық құрылғыларға арналған арнайы шыныларды, күн энергетикасында қолданылатын фотоэлектрлік шыныларды, сондай-ақ фармацевтикалық салаға қажетті жоғары сапалы шыны өнімдерін өндірумен айналысады.

Тараптар Түркістан облысында флоат-шыны өндіретін және кварц құмын өңдейтін ірі өндірістік кешен салу жобасын талқылады.

Облыс әкімі инвесторлармен бұған дейін де кездесулер өткізіп, жобаны жүзеге асыру мәселелері жан-жақты қаралған еді. Бұл жоба өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, құрылыс материалдары өндірісін дамытуға, импортқа тәуелділікті азайтуға және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге жол ашады. Сонымен қатар жаңа өндіріс орны жүздеген тұрақты жұмыс орындарын құрып, жергілікті мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етпек.

– Аталған жоба Түркістан облысының ғана емес, тұтас еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға, жоғары қосылған құны бар өнімдер өндірісін дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға елеулі үлес қосады. Түркістан облысы кварц құмы қоры бойынша Қазақстандағы әлеуеті зор өңірлердің бірі саналады. Сондықтан шыны өнеркәсібін дамытуға барлық мүмкіндік бар. Бүгінде елімізде шыны өнімдеріне деген сұраныс артып келеді. Түркістан облысы қолайлы инвестициялық ахуалға, қажетті инженерлік инфрақұрылымға және білікті еңбек ресурстарына ие. Облыс әкімдігі жобаны іске асыру үшін жан-жақты қолдау көрсетуге дайын. Сіздермен ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді әріптестік орнатып, аталған жобаны бірлесіп жүзеге асырамыз деп сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

Инвестор Түркістан облысының инвестициялық мүмкіндіктері мен қолайлы бизнес ахуалын ерекше атап өтті.

– Түркістан облысының жалпы инвестициялық мүмкіндіктері мен қолайлы бизнес ахуалы бізді ерекше қызықтырды. Өңірдің стратегиялық орналасуы, инфрақұрылымдық әлеуеті және мемлекеттік қолдау тетіктері ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай қалыптастырып отыр. Біз өзара тиімді серіктестікті дамытуға бар күшімізді саламыз, – деді компания өкілі.

Сондай-ақ облыс басшылығы Қытайдың ірі энергетикалық компанияларының бірі – China Energy компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында қуаттылығы 1500 мегаватт болатын ауқымды жел электр станциясын салу жобасы жан-жақты талқыланды. Бұл бастама Түркістан облысының жаңартылатын энергия көздерін дамыту стратегиясымен толық үндеседі. Жоба іске асқан жағдайда өңірдің энергетикалық қауіпсіздігі нығайып, экологиялық таза электр энергиясын өндіру көлемі айтарлықтай артады. Сонымен қатар инженерлік инфрақұрылымды дамытуға және инвестициялық белсенділікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде «жасыл» экономиканы дамытуға және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыруға ерекше мән беріп келеді. Осыған сәйкес, Түркістан облысында баламалы энергетика саласын дамыту – стратегиялық басымдықтардың бірі.

Өңірдің қолайлы табиғи-климаттық ерекшеліктері, оның ішінде жел және күн энергетикасы ресурстарының жоғары әлеуеті жаңартылатын энергия көздері жобаларын табысты іске асыруға кең мүмкіндік береді.

Халықаралық компаниялармен өткен бұл кездесулер Түркістан облысының инвестициялық саясатындағы жүйелі жұмыстың нәтижесін көрсетеді. Өңір басшылығы өндіріс, жоғары технологиялар және жасыл энергетика салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту арқылы тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізуді мақсат етеді.

Кездесулер барысында облыс әкімі алпауыт компания басшыларына Түркістан өңірінің экономикалық және инвестициялық әлеуетін таныстырып, шетелдік инвесторларды бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды. Қытайлық кәсіпкерлер өңірдің қолайлы инвестициялық ахуалына қызығушылық білдіріп, өндіріс, өнеркәсіп және басқа да салаларда ұзақ мерзімді жобаларды іске асыруға ниетті екендерін жеткізді.

Нұралхан Оралбайұлы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстардың нығаюы өңірлер арасындағы іскерлік қарым-қатынастың дамуына оң әсер ететінін айтты.

– Түркістан облысы инвесторлар үшін ашық әрі сенімді серіктес. Біз өндіріс, жасыл энергетика және жоғары технологиялар салаларындағы бастамаларды жан-жақты қолдауға дайынбыз. Қытайлық әріптестермен жүргізілген келіссөздер өңір экономикасын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға тың серпін береді. Әкімдік тарапынан заң шеңберінде қажетті қолдау шаралары көрсетіледі. Сіздерге өңіріміз-ге инвестиция тартуға және ірі энергетикалық жобаны жүзеге асыруға ниет білдіргендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Бұл бастама өңір экономикасының дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін. Бүгінгі кездесу өзара тиімді әріптестіктің берік негізін қалап, жобаны табысты жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін, – Нұралхан Көшеров.

Ірі инвесторлармен жүргізілген келіссөздер Түркістан облысының өндірістік қуатын күшейтіп, оны еліміздің индустриялық және энергетикалық дамуындағы маңызды орталықтардың біріне айналдыруға берік негіз қалайды деп күтіліп отыр.

БҰЛ ЖОБА МЫҢДАҒАН ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫН АШУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Қытай Халық Республикасының Цзянсу провинциясы, Нанкин қаласында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қытайдың жетекші өнеркәсіптік және тоқыма компаниялары – Lihua Group компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Чжан Цихайд пен оның серіктесі халықаралық ірі тоқыма өндіруші Huafang компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шэн Шоусянмен кездесті.

Кездесу барысында Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан мақта-тоқыма кластерінің даму барысы, жаңа өндірістік жобаларды іске асыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, экспорттық әлеуетті арттыру және химия саласындағы инвестициялық бастамалар жан-жақты талқыланды.

Өз сөзінде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қытайлық серіктестерге өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесі үшін алғыс білдіріп, Түркістан облысындағы ауқымды инвестициялық жобалары өңір экономикасының дамуына тың серпін бергенін атап өтті.

– Бүгін сіздермен кездесіп, ынтымақтастығымыздың жаңа бағыттарын талқылауға мүмкіндік туғанына қуаныштымын. Lihua Group Түркістан облысы үшін өзін сенімді әрі стратегиялық серіктес ретінде дәлелдеді. Біз компанияның өңірімізде жүзеге асырып жатқан толық циклді мақта-тоқыма кластері жобасын жоғары бағалаймыз. Бұл жоба ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін біріктіріп, мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашуға, өнімнің қосылған құнын арттыруға және экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деді Нұралхан Көшеров.

Бүгінде Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан мақта-тоқыма кластері Қазақстандағы ең ірі индустриялық жобалардың бірі саналады. Жалпы құны 146,6 млрд теңгені құрайтын жоба Түркістан қаласындағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағында, Арыс қаласы мен Отырар ауданында іске асырылуда.

Жоба аясында мақта өсіруден бастап дайын тігін өнімдерін шығаруға дейінгі толық өндірістік тізбек қалыптасады. Кластер құрамында мақта өңдеу зауыттары, тамшылатып суару жүйелерін шығаратын кәсіпорындар, ПВХ құбырлар зауыты, иіру фабрикасы, мата тоқу өндірісі, бояу-әрлеу фабрикасы және тігін өндірістері жұмыс істейтін болады. Кластер толық қуатына шыққан кезде 4150 адам жұмыспен қамтылады.

Кездесу барысында жыл соңына дейін іске қосылатын жалпы құны 46,5 млрд теңгені құрайтын алты өндірістік жобаның жүзеге асырылу барысы талқыланды. Атап айтқанда, қуаттылығы жылына 4 миллион дана үй тоқыма бұйымдарын шығаратын тігін фабрикасы, жылына 47 миллион метр мата өндіретін тоқыма және бояу-әрлеу фабрикалары, екі мақта өңдеу зауыты мен мақта тұқымын өңдеу кәсіпорны пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар тараптар Түркістан облысында іске асырылатын жаңа стратегиялық жоба – аммиак пен карбамид өндіретін интеграцияланған кешен құрылысына қатысты келісімге келді.



Құны 70 млрд теңгені құрайтын бұл жоба Сауран ауданындағы «Оранғай» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылады. Жобаның өндірістік қуаты жылына 300 мың тонна аммиак пен карбамид өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін 150 жаңа жұмыс орны ашылады.

Түркістан облысы – Қазақстандағы ең ірі аграрлық өңірлердің бірі. Сондықтан жоғары сапалы азотты тыңайтқыштарға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты аммиак және карбамид өндіру кешенінің құрылысы өңірдің агроөнеркәсіптік кешені үшін стратегиялық маңызға ие.

Түркістан облысының әкімі бұл бастаманы толық қолдап, жаңа зауытты сапалы әрі мерзімінде іске асыру үшін барлық қажетті қолдау көрсетілетінін айтты.

Кездесуде сондай-ақ Huafang компаниясының Түркістан облысында мата өндіру және бояу-әрлеу өндірістерін бастау мәселесі талқыланды.

Нұралхан Көшеров өңірде тоқыма өнеркәсібін дамыту бағытындағы жаңа бастамаларға қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Бұл бастамалар өңірдегі мақта-тоқыма кластерінің әлеуетін күшейтіп, жоғары қосылған құны бар өнімдерді өндіруге жол ашады.

1976 жылы құрылған Huafang Қытайдағы ірі тоқыма және бояу-әрлеу саласындағы жетекші өндірушілердің бірі. Ол боялған және баспа маталарын, киімкешек пен үй тоқыма өнімдерін шығарады. Компания жыл сайын 400 миллион метрге жуық мата, 20 миллион дана үй тоқыма бұйымдары мен 3,5 миллион дана дайын киім шығарады. Өнімдерінің 80 пайызын әлемнің 50-ден астам еліне экспорттайды.

Кездесу қорытындысында тараптар Түркістан облысы мен Қытай компаниялары арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға, инвестициялық жобаларды жедел іске асыруға және өңдеу өнеркәсібіндегі ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты.

Айта кетейік, Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан қазақстандық-қытайлық бірлескен жобалар өңірдің индустриялық дамуын жеделдетіп қана қоймай, жаңа технологияларды енгізуге, экспорттық әлеуетті арттыруға және мыңдаған жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

ӨҢІР ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПАНЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ КӨПІР БОЛА АЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында бауырлас өңір саналатын Хубэй провинциясы губернаторы Ли Дяньсюньмен ресми кездесу өткізді. Кездесуде екі өңір арасындағы инвестициялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және іскерлік байланыстарды кеңейту мәселелері жан-жақты талқыланды.

Хубэй провинциясының губернаторы Ли Дяньсюнь өңірлер арасындағы әріптестікті одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізіп, ғылым, технология және инновация салаларындағы ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталды.

– Біз Қазақстанмен қалыптасқан достық қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында сауда-экономикалық байланыстарды нығайтып, инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға мүдделіміз. Сонымен қатар ғылым, білім беру, мәдениет және логистика бағыттарындағы өзара ықпалдастықты кеңейтуге дайынбыз. Түркістан өңірі Қытай мен Еуропаны байланыстыратын маңызды логистикалық көпір бола алады, – деді Ли Дяньсюнь.







Өз кезегінде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қытайлық әріптестерге көрсетілген қонақжайлық пен жылы қабылдау үшін алғыс білдірді.

– Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік мемлекет басшыларының тұрақты әрі сенімді диалогының арқасында жаңа деңгейге көтерілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин өткізген нәтижелі кездесулер екіжақты ынтымақтастықтың берік негізін қалыптастырды. Бұл ретте, Президентіміз мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастың достық пен стратегиялық серіктестіктің екінші «Алтын отыз жылдығына» қадам басқанын айрықша атап өтті. Осы орайда, екі мемлекет басшылары айқындаған басым бағыттарды Түркістан облысы мен Хубэй провинциясы өңіраралық деңгейде тиімді жүзеге асыруда, – деді облыс әкімі.

Нұралхан Көшеров Түркістан облысының өндірістік және инвестициялық әлеуетіне тоқталды. Тараптар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, туризм, білім беру, денсаулық сақтау, цифрландыру және логистика салаларындағы әріптестікті дамыту мәселелеріне ерекше назар аударды.

Кездесу барысында Түркістан облысының туристік әлеуеті де таныстырылды. Облыс басшысы әлемдік маңызы бар тарихи-мәдени мұра нысаны – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілгенін атап өтіп, қытайлық туристер үшін өңірдің тартымдылығын арттыру бағытындағы жұмыстар туралы айтты.

Сонымен қатар тараптар көлік және логистика саласындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берді. Түркістан облысының халықаралық транзиттік дәліздер бойында орналасуы өңірдің инвестициялық және сауда әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің маңызы ерекше аталды.

Кездесу қорытындысында тараптар өңіраралық әріптестікті одан әрі дамытуға және жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін растады.

Бүгінде Түркістан облысында Қытай капиталының қатысуымен жалпы құны 148 млрд теңгені құрайтын 17 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Айта кетейік, Түркістан облысы мен Хубэй провинциясы арасындағы бауырластық қарым-қатынас туралы келісімге 2024 жылы қол қойылған. Кейін Астанада өткен Орталық Азия – Қытай саммиті аясында бұл келісім ресми түрде бекітіліп, өңіраралық ынтымақтастық жөніндегі жол картасы қабылданды.

Хубэй провинциясы Қытайдың орталық бөлігіндегі жетекші экономикалық өңірлердің бірі саналады. Халық саны 60 миллионнан асады. Өңір автомобиль жасау, металлургия, химия өнеркәсібі, фармацевтика, оптоэлектроника және жоғары технологиялық өндіріс салаларында көш бастап келеді. Провинцияның әкімшілік орталығы Ухань қаласы Еуразия кеңістігіндегі маңызды көлік-логистикалық хабтардың бірі ретінде танылған.

Түркістан мен Хубэй арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту өңірлердің экспорттық әлеуетін арттыруға, жаңа инвестициялар тартуға және халықаралық сауда байланыстарын дамытуға тың серпін береді.

ӨНДІРІСТІК КООПЕРАЦИЯ НЫҒАЙЫП, ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТ АРТАДЫ

Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барған Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған ресми және іскерлік делегация Түркістан облысымен бауырлас өңір – Хубэй провинциясының орталығы Ухань қаласында Қытайдың жетекші компанияларының басшылары және инвесторларымен бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Жаңа жобалар Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін дамыту және өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған. Бұл бастама Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің нығаюына және Түркістан облысының инвестициялық тартымдылығының артуына ықпал етеді.

Облыс әкімі «Hanya International Holdings» компаниясының құрылтайшысы Хуан Чжоурэнмен және компания акционерлерімен келіссөздер жүргізді. Кездесу барысында Мақтаарал ауданындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы аумағында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жоба талқыланды.

Аталған жоба аясында электр техникалық жабдықтар, сантехникалық арматура және пластмасса бұйымдарын өндіретін индустриялық парк салынуда. Жоба толықтай Қытайдан тартылған тікелей шетелдік инвестициялар есебінен қаржыландырылады. Жалпы инвестиция көлемі 60 млрд. теңгеден асады.

Жоба халықаралық логистика, трансшекаралық индустриялық парк, импорт-экспорт және энергия жинақтау жабдықтары бағыттарын қамтиды. Нәтижесінде өңірде 800 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылып, өндірістік кооперация нығайып, экспорттық әлеует артады.

Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Инфрақұрылыммен қамту шараларын биыл аяқтау жоспарланған. Кездесу барысында Нұралхан Көшеров жобаны белгіленген мерзімде пайдалануға беру және өндірістік қуаттарды уақытылы іске қосу мәселелеріне ерекше назар аударды.

Өз кезегінде облыс әкімдігі инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіп, жобаның белсенді кезеңге өтуіне барлық қажетті жағдайды жасауда.

Ауқымды бастама Түркістан облысы мен «Hanya International Holdings» компаниясы арасындағы ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісіне айналмақ.

«Hanya Holding» – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, өндірісті, қойма логистикасын және трансшекаралық сауданы қамтитын интеграцияланған бизнес-платформа. Компанияда шамамен 2 300 қызметкер жұмыс істейді. Компанияның ішкі нарықтағы жылдық сату көлемі шамамен 30 млрд. юаньды, ал сыртқы нарықтардағы сатылым көлемі шамамен 36 млрд. юаньды құрайды. Негізгі қызмет бағыттары күн энергетикасы жүйелері, энергетикалық және электр тарату жабдықтары, құбыр, өндірістік құрылысты қамтиды. Сонымен қатар компания бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, жеткізу тізбегін басқару, қалалық инфрақұрылымды дамыту және электрондық өнімдер өндіру салаларында да қызмет атқарады.

adilet-gazeti.kz

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев Түркістан облысына жұмыс сапары аясында өңір тұрғындарымен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке қабылдады, сондай-ақ бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысандардың жұмысымен танысты.



Облыс тұрғындарымен кездесуді ашқан Ербол Тұяқбаев еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат, Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру, халықты жұмыспен қамтуды арттыру, азаматтардың табысын өсіру, әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру және еңбек нарығын дамыту бағытындағы жұмыстар туралы жан-жақты баяндады.

Бірінші вице-министр Түркістан облысы еліміздегі еңбек және демографиялық әлеуеті жоғары, қарқынды дамып келе жатқан ірі өңірлердің бірі екенін атап өтті.

«Бүгінгі біздің міндетіміз – тек жұмыс орындарын құру ғана емес, халық табысының тұрақты өсуін және азаматтардың өмір сүру сапасының жақсаруын қамтамасыз ету. Мемлекеттік саясат адамдардың жұмыспен қамтылу, кәсіби тұрғыдан дамып, отбасының әл-ауқатын арттыру үшін нақты мүмкіндіктер беруі тиіс», – деді Ербол Тұяқбаев.

Кездесу барысында алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалды. Олардың қатарында халық табысын арттыру, сапалы жұмыспен қамтуды дамыту, тұрақты жұмыс орындарын құру, жастарды қолдау, әлеуметтік қолайсыздық деңгейін төмендету, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бар.

Жастарды жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту және еңбек нарығында сұранысқа ие кадрларды даярлау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдау және мемлекеттік сүйемелдеуді қажет ететін отбасылармен атаулы жұмыстың тиімділігін арттыру мәселелері қаралды.

Кездесу аяқталғаннан кейін Ербол Тұяқбаев азаматтарды жеке қабылдады. Өңір тұрғындары зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік төлемдер, еңбек қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша өтініштерін жеткізді. Әрбір мәселе бойынша тиісті түсіндірулер беріліп, нақты тапсырмалар жүктелді. Барлық көтерілген мәселелер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бақылауына алынды.

Жұмыс сапары аясында бірінші вице-министр Түркістан облысының Еңбек мобильділігі орталығының қызметімен танысты. Онда халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының тиімділігін арттыру және еңбек нарығы инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту мәселелері қаралды.

Сонымен қатар Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментінің басшылығымен және кәсіподақ өкілдерімен кеңес өтті. Кеңес барысында еңбек қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру, өндірістік тәуекелдердің алдын алу және өңір кәсіпорындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Бағдарламаның келесі бөлігі әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аралауға арналды. Ербол Тұяқбаев мүгедектігі бар азаматтар үшін жұмыс орындары құрылған «Ақниет Holding» қоғамдық бірлестігінің жиһаз зауытында, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар жастарды оқыту және әлеуметтік бейімдеумен айналысатын Кентау қаласындағы мамандандырылған кәсіптік колледжде болды.

Жұмыс сапары «Кентау трансформатор зауыты» АҚ қызметімен танысумен аяқталды. Кәсіпорын жұмысын зерделеу барысында өндірісті дамыту, кадрлар даярлау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмыс берушілердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мәселелері қаралды.

Сапар қорытындысын шығара отырып, Ербол Тұяқбаев өңірдің одан әрі дамуы сапалы жұмыс орындарын құруға, еңбек өнімділігін арттыруға, жастарды қолдауға және азаматтардың әлеуметтік қорғалуын нығайтуға негізделуі тиіс екенін атап өтті.

ТҮРКІСТАН ЖАСЫЛ ӨҢІР РЕТІНДЕ ДЕ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСПАҚ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары аясында әлемдік деңгейдегі жетекші компаниялармен маңызды келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде өңір экономикасына тың серпін беретін жаңа инвестициялық жобалар пулы қалыптасты. Бұл бастамаларды жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек бастаған делегация Қытайдың бірқатар ірі кәсіпорындарын аралап, олардың өндірістік әлеуетімен және жұмыс тәжірибесімен танысты.

Сапардың маңызды бағыттарының бірі – Қытайдағы ең ірі көгалдандыру және сәндік өсімдіктер сауда орталықтарының бірі саналатын «Мулань Ханьбэй» гүлдер, өсімдіктер және ағаштар нарығын зерделеу болды. Делегация кешеннің жұмысымен жан-жақты танысып, аталған тәжірибені Түркістан өңірінде іске асыру мүмкіндіктерін қарастырды.

«Мулань Ханьбэй» кешені Қытайдағы гүл өсіру, сәндік бағбандық және ландшафтық көгалдандыру саласының негізгі сауда алаңдарының бірі болып саналады. Мұнда өндірушілер, тұқымбақтар, ландшафт дизайнерлері, сауда ұйымдары мен сатып алушылар бір орталыққа шоғырланған. Кешен аумағында жүздеген павильон мен жеткізуші жұмыс істейді. Олар қалаларды көгалдандыруға, саябақтар мен демалыс аймақтарын абаттандыруға, тұрғын үй кешендері мен коммерциялық нысандарды сәндеуге арналған өсімдіктер мен қажетті құрал-жабдықтардың кең ауқымды түрлерін ұсынады.

Нарықта сәндік ағаштар, қылқан жапырақты көшеттер, гүлдейтін бақша өсімдіктері, бөлме гүлдері, маусымдық гүлдер, бонсай композициялары, су өсімдіктері, көгал шөптері, бақша декоры, суару жүйелері және көгалдандыруға арналған заманауи техникалар сатылады.

Сапар барысында облыс делегациясы ірі ағаштарды өсіру мен тасымалдаудың тиімді технологияларымен, көшет логистикасын ұйымдастыру тәжірибесімен, өнім сапасын бақылау жүйелерімен және көгалдандыру саласындағы инновациялық шешімдермен танысты.

Әсіресе Түркістан өңірінің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, құрғақ аймақтарға бейімделген сәндік өсімдіктерді өсіру, қалалық ортада жасыл аймақтарды көбейту және көшет шаруашылығын дамыту мәселелері ерекше назарға алынды.

Мамандардың айтуынша, мұндай тәжірибелерді енгізу облыстағы елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлер үшін сәндік өсімдіктер өсіру және ландшафтық дизайн саласында жаңа нарықтар ашылады.

Бұл кешен тек сауда орталығы ғана емес, сонымен бірге халықаралық іскерлік байланыстарды дамытуға арналған маңызды платформа болып табылады. Мұнда тұрақты түрде салалық көрмелер, жаңа өсімдік сорттарының таныстырылымдары, кәсіби форумдар және тәжірибе алмасу кездесулері өткізіледі. Қытайдың көгалдандыру индустриясындағы озық технологияларды өндіріспен, логистикамен және саудамен тиімді ұштастырудың табысты үлгісін көрсетеді.

Түркістан облысының делегациясы мұндай кешендердің жұмыс жүйесін зерделеу арқылы өңірде сәндік бағбандықты дамыту, көшет өндірісін жолға қою, халықаралық серіктестік орнату және көгалдандыру саласының экспорттық әлеуетін арттыру бағытындағы мүмкіндіктерді қарастырды.

Бүгінде Түркістан облысында экологиялық ахуалды жақсарту, жасыл белдеулерді кеңейту және қалалардың көркін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осы ретте Қытайдың жетекші кәсіпорындарының тәжірибесін енгізу өңірдің көгалдандыру саласын жаңа сапалық деңгейге көтеруге ықпал етпек.

Қытайдағы «Мулань Ханьбэй» секілді ірі орталықтардың жұмысымен танысу Түркістан облысында заманауи көшет шаруашылықтарын дамытуға, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға және өңірдің жасыл инфрақұрылымын күшейтуге негіз болады.

Нәтижесінде Түркістан тек тарихи және рухани орталық ретінде ғана емес, сондай-ақ заманауи экологиялық стандарттарға сай жасыл өңір ретінде де дамудың жаңа кезеңіне қадам баспақ.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КӨШПЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР БАСТАЛАДЫ

Түркістан облысында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жүзеге асыратын «Мобильді фронт-офис» жобасы аясында шағын және орта бизнес субъектілерімен көшпелі кездесулер басталады. Іс-шаралар кәсіпкерлер үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыру мақсатында облыстың барлық аудан-қалаларында өтеді.

Кездесулер барысында бизнес өкілдері қолданыстағы мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша жан-жақты кеңес алып, кәсіпкерлікті қаржыландыру және дамыту құралдарымен таныса алады.

Сонымен қатар қатысушыларға жеңілдетілген қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік мүлік жеткіліксіз болған жағдайда несиелерге кепілдік беру, микронесиелеу, лизингтік қаржыландыру және мемлекеттік қолдаудың өзге де тетіктері түсіндіріледі.

Кездесулерге тек жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер ғана емес, сондай-ақ жеке кәсібін ашуды жоспарлап жүрген азаматтар да қатыса алады. Олар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, қолданыстағы қолдау шараларымен танысу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар қатысушыларға «Бәйтерек» холдингінің бірыңғай фронт-офисі ұсынатын қолдау құралдары туралы ақпарат беріледі.

Жалпы, «Мобильді фронт-офис» жобасы кәсіпкерлердің орналасқан жеріне қарамастан мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Мұндай формат облыс орталығына бармай-ақ білікті мамандардан кеңес алуға мүмкіндік беріп, ауылдық округтер мен аудандардағы кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасайды.

Кездесулерге Түркістан облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мамандары, екінші деңгейлі банктердің өкілдері, Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасының қызметкерлері, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау институттарының өкілдері қатысады.

Аталған бастама Мемлекет басшысының шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды кеңейту жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылуда.

Жобаны іске асыру мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға, ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етуге және өңірдегі кәсіпкерліктің тұрақты дамуына қосымша серпін беруге мүмкіндік береді.

«WALLI PACK» ЖШС ЗАУЫТЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Сайрам ауданына қарасты Ақсукент ауылында ПЭТ платформаларын өндіретін «WALLI PACK» ЖШС зауыты өз жұмысын бастады. Инвестициялық құны 600 миллион теңгені құрайтын өндірістік жоба ауданның өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, өңір экономикасының дамуына серпін беруде.

Мемлекет басшысының өңірлерге инвестиция тарту, өндірісті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу жөніндегі тапсырмаларын орындау, сондай-ақ Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің инвестициялық жобаларды қолдау және өндіріс орындарын көбейту жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асқан бұл жоба аудан экономикасының дамуына тың серпін береді.

Заманауи өндірістік желілермен жабдықталған кәсіпорын тәулігіне 64 мың дана ПЭТ платформасын өндіру қуатына ие. Өнімдер ішкі нарыққа шығарылып, отандық өндіріс орындарының сұранысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі таңда зауытта 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жобаның іске асырылуы жаңа жұмыс орындарын ашумен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етуде.

Кәсіпорында пайдаланылатын өндірістік технологиялар мен құрал-жабдықтардың басым бөлігі Қытай Халық Республикасынан импортталған. Сонымен қатар өндірісте қолданылатын негізгі шикізат та Қытай елінен жеткізіледі.

Аталған зауыт ПЭТ платформаларын өндіру саласындағы еліміздегі маңызды өндіріс орындарының бірі болып саналады.

Инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы Сайрам ауданында өндіріс көлемін ұлғайтуға, импортты алмастыруға, отандық өнім өндіруді дамытуға және жаңа инвестицияларды тартуға бағытталған жұмыстардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

ШАҒЫН ЦЕХ ЖҰМЫСЫ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ТАБЫСТЫ ҮЛГІСІНЕ АЙНАЛҒАН

Түркістан облысы, Сауран ауданына қарасты Ескі Иқан ауылында жеке кәсіпкер Таджиддин Нурметов шеге шығару өндірісін сәтті жүзеге асыруда. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасының игілігін көрген кәсіпкер өндіріс көлемін ұлғайтып, жергілікті нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз ету бағытында талмай еңбек етіп келеді.

Кәсіпкер бағдарлама аясында «Ырыс» МҚҰ-нан жылдық 2,5 пайыздық мөлшерлемемен 9 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, қаражатты өндіріс орнына қажетті заманауи құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсаған. Бүгінде цехта құрылыс саласында кеңінен қолданылатын шегенің 20 түрі шығарылады.

Өндірілген өнім Түркістан облысының бірнеше аудандары мен қалаларына жөнелтіліп, тұтынушылар сұранысын қанағаттандыруда. Қазіргі таңда өндірілген өнімге тапсырыс көлемі артып келеді. Кәсіпкер бұл істің отбасылық бизнеске айналғанын айтады. Өндіріс жұмысына ұлдары да белсенді түрде қатысып, кәсіптің дамуына өз үлесін қосуда.

Кей кездері сұраныстың көптігінен барлық тапсырысты уақтылы орындау қиынға соғатын жағдайлар да кездеседі. Осыған байланысты кәсіпкер өндірістік қуатты арттыру мәселесін қарастырып, құрылыс компаниялары мен түрлі фирмалармен ұзақ мерзімді әріптестік орнатуды жоспарлап отыр.

Мемлекет қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және жергілікті экономиканың дамуына оң әсерін тигізуде. Осындай жобалардың бірі саналатын шағын цех жұмысы ауыл кәсіпкерлігінің табысты үлгісіне айналған.

ШАРУАЛАР ӨНІМДІ ЖИНАУ НАУҚАНЫНА БЕЛСЕНДІ КІРІСТІ

Түркістан облысы, Сайрам ауданында пияз өнімін жинау жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Биыл аудан көлемінде 900 гектар алқапқа пияз дақылы егілген болса, қазіргі таңда шаруалар өнімді жинау науқанына белсенді кіріскен.

Бүгінгі таңда орташа өнімділік гектарына 28 тоннаны құрап отыр. Осы көрсеткішке сәйкес жалпы жиналатын өнім көлемі шамамен 25,2 мың тонна болады деп жоспарлануда.

Жиналған өнім аудан тұрғындарының қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар, еліміздің өзге өңірлеріне жөнелтіліп, экспортқа шығарылуда. Өнім сапасының жоғары болуы агротехникалық талаптардың сақталуы, суару жұмыстарының уақытылы жүргізілуі және диқандардың мол тәжірибесінің нәтижесі болып саналады.

Бүгінде егістік алқаптарында жұмыс қызу жүріп жатыр. Шаруалар пияз жинау науқанын белгіленген мерзімде аяқтап, өнімді тиімді өткізу бағытындағы жұмыстарды жалғастыруда.

Диқандардың тынымсыз еңбегінің арқасында ауыл шаруашылығы саласындағы көрсеткіштер артып, ауданның аграрлық әлеуеті нығая түсуде. Пияз жинау науқаны толық аяқталғанға дейін тиісті жұмыстар тұрақты бақылауда болады.

ШАРУАЛАР ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУ ЖҮЙЕСІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУДЕ

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков өңірде суғару маусымының атқарылуы мен туындаған өзекті мәселелер бойынша мәжіліс өткізіп, жауаптылардың есебін тыңдады.

Шардара су қоймасынан Шардара, Отырыр, Арыс аудандарының 74,7 мың гектар жері суғарылады. Бүгінге дейін су қоймасынан 448,3 млн текше метр су босатылған.

«Достық» магистральді каналы Мақтаарал мен Жетісай аудандарының шаруаларын ағын сумен қамтамасыз етеді. Каналдан жіберілген су мөлшері 484,5 млн текше метрді құраған.

«Зах», «Ханым», «Үлкен Келес» су арналары арқылы Қазығұрт, Сарыағаш, Келес аудандарынан 4251 шаруа қожалығына ағын су жеткізілуде.

Жиында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Досхан Лесов вегетациялық кезеңнің қалыпты деңгейде жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Аудандарда кезектілік кестесі түзіліп, су босату жоспарға сай жүзеге асуда.

Басқарма басшысының міндетін уақытша атқарушы Әлібек Плалов су үнемдеу технологиясын ендіруге ниетті шаруаларға көрсетілген қолдаудың нәтижесінде қазіргі таңда 1083 шаруа қожалығының алқабы жаңа технологиямен суғарыла бастағанын атап өтті. Тағы 328 шаруа қожалығы құжаттарын рәсімдеп, кәсіпорындармен келісімшарт түзуде. Шаруалар тамшылатып суғару жүйесіне басымдық беруде.

Нұрбол Тұрашбеков көтерілген өзекті мәселелерді зерделей келе, мамандармен шешу жолдарын талқылады. Тапсырмалар беріліп, орындалу мерзімі нақтыланды.

– Су тұтыну шарттарының сақталуына бақылауды күшейтіңіздер. Кезегін күткен шаруаларға су мерзімінде жетуі керек. Қателікке жол бермеңіздер, – деп ескертті облыс әкімінің орынбасары.

Жалпы облыстағы су үнемдеу технологиясын 164 мың гектарға енгізу жоспарланып отыр. 2025 жылы бұл көрсеткіш 114 мың гектарды құраған.

ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҰМТЫЛЫСЫ – ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ НЕГІЗІ

Түркістан облысы, Шардара ауданында Түркістан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен республикалық «AL-FARABI. Заң мен тәртіп. Қаржылық қауіпсіздік» интеллектуалдық сайысы өтті. Іс-шараның мақсаты – Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған конституциялық реформаларды қолдау, жастар арасында құқықтық мәдениетті нығайту, қаржылық қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, жастардың зияткерлік әлеуетін дамыту және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен Тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттау.

Интеллектуалдық ойынның ашылу салтанатына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің генерал-майоры Ерболат Балғабаев, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Ернар Тайжан және Шардара ауданының әкімі Арман Қарсыбаев қатысып, қатысушыларға ізгі тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі.

Спикерлер өз сөздерінде жастардың білімге ұмтылысы, сыни ойлау қабілеті мен азаматтық жауапкершілігі елдің тұрақты дамуының маңызды негізі екенін атап өтті.

Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бастамасымен өткен ауқымды шараға 200-ге жуық команда қатысып, жалпы қамту саны 1000-ға жуық адамды құрады. Қатысушылар қатарында жастар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары болды.

Интеллектуалдық дода барысында қатысушылар тарих, құқық, экономика, қаржылық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару, ұлттық құндылықтар және жалпы танымдық бағыттар бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беріп, өзара білім мен логикалық ойлау қабілеттерін сынға салды.

Іс-шара аясында жастар арасында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, қаржылық қауіпсіздік мәселелеріне деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған ұсыныстар айтылды.

Тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар анықталды. Атап айтқанда, I орынды Шардара ауданынан қатысқан «Нейрон» командасы жеңіп алды. II орын Сарыағаш ауданынан келген «Konina Power» командасына бұйырса, III орынды Шардара ауданының «Қаржы» командасы иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, кубоктармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«AL-FARABI» республикалық интеллектуалдық ойыны жастар арасында білім мен ғылымды дәріптеуге, қаржылық қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға және «Заң мен Тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттауға бағытталған тиімді алаңға айналды.

АЙМАҚТАРДА ЖАСТАР САЙЫСЫ ӨТУДЕ

Келес ауданында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, заң мен тәртіп құндылықтарын дәріптеуге бағытталған «TUR Workout – Тәртіпке тартыл» облыстық жастар сайысының аудандық кезеңі өтті. Ауқымды спорттық шара Келес спорттық-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылып, оған ауданның белсенді жастары қатысты.

Сайыстың ашылу рәсіміне Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басқарма басшысы Абай Қадыров, Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев және сала мамандары қатысып, жастарға сәттілік тіледі.

Жиында сөз алған аудан әкімі Жәнібек Ағыбаев Келес ауданы жастар саны жағынан облыстағы алдыңғы қатарлы өңірлердің бірі екенін атап өтті.

— Ауданымыздың халқы 131 мыңнан асса, соның 41 мыңнан астамы – жастар. Бұл – үлкен күш әрі үлкен жауапкершілік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға әрдайым зор сенім артып келеді. Бүгінгі сайыс – тек спорттық жарыс қана емес, жастарды тәртіпке, жауапкершілікке және салауатты өмір салтына баулитын маңызды алаң. Ең бастысы – жеңіс емес, өз-өзіңді шыңдап, белсенді азамат ретінде қалыптасу. Барша қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді аудан басшысы.

Жарысқа 14 пен 35 жас аралығындағы қатысушылар қатысып, үш жас санаты бойынша күш сынасты. Қатысушылардың спорттық дайындығымен қатар тәртіптілігі, белсенділігі және командалық мәдениеті де бағаланды.

Тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 9 жас спортшы облыстық кезеңге жолдама алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, «Заң мен тәртіп» жобасын жүзеге асыруға белсенді үлес қосқан бірқатар жастарға алғыс хаттар табысталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен Тәртіп» қағидатын іске асыру аясында Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен Түркістан облыстық Жастар ресурстық орталығының бірлескен «TUR WORKOUT – Тәртіпке тартыл» облыстық жастар жобасы Қазығұрт ауданында жалғасын тапты.

Жобаның мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және қоғамда заңға құрмет қағидаттарын дәріптеу.

Іс-шараға Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басқарма басшысы, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің подполковнигі Абай Бауыржанұлы Қадыров, Департаменттің аса маңызды істер жөніндегі офицері, экономикалық тергеу қызметінің капитаны Гүлзия Нұрғалиқызы Қарсыбай және Қазығұрт ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Маратұлы Беркінбай қатысып, жастарға сәттілік тіледі.

Кездесу барысында жастармен профилактикалық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, дропперліктің қауіптілігі, банк карталарын және жеке деректерді бөгде тұлғалардың пайдалануына берудің құқықтық салдары, интернет-алаяқтықтың алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Жоба аясында өткен спорттық жарыстар жастарды белсенді өмір салтына баулып, тәртіп пен жауапкершілік қағидаттарын нығайтуға бағытталды. Сонымен қатар, қатысушылар арасында заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Облыстық жоба бекітілген кестеге сәйкес өңірдің барлық аудан-қалаларында өткізілуде. Аудандық кезеңдердің жеңімпаздары шілде айында өтетін финалдық кезеңге жолдама алып, өзара бақ сынайды. Финал қорытындысы бойынша үздік қатысушылар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады.

«TUR WORKOUT – Тәртіпке тартыл» жобасы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және «Заң мен Тәртіп» қағидатын кеңінен дәріптеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі болып табылады.

«ZHAS CAMP DIGITAL: ЖАҢА БУЫН АЛАҢЫ»

18-20 маусым күндері Түркістан облысы, Төлеби ауданындағы «Красные скалы» демалыс аймағында жастарға арналған республикалық лагерь ұйымдастырылады.

Лагерьдің мақсаты – жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру, IT-технологияларға қызығушылығын дамыту, шығар-машылық және көшбасшылық қабілеттерін қолдау.

Үш күн бойы қатысушыларды:

- цифрлық технологиялар мен медиа саласындағы өзекті тақырыптар;
- IT, робототехника және бағдарламалау бағытындағы тәжірибе алмасу алаңдары;
- тренингтер, пікірталастар және командалық жұмыстар;
- медиа саласындағы танымал спикерлермен кездесулер;
- арнайы құпия қонақтардың қатысуымен өтетін мотивациялық сессиялар күтеді.

Сонымен қатар лагерь аясында жастар арасында кеңінен танылған «Intellegentno qu» жобасының спикерлері де өз тәжірибелерімен бөліседі.

Лагерьге Қазақстанның өңірлерінен келген жастар, сондай-ақ халықаралық қонақтар қатысады.

«Zhas Camp Digital: Жаңа буын алаңы» — идеялар мен мүмкіндіктер тоғысатын, жаңа буынның дамуына бағытталған республикалық алаң.

«ЭМОЦИЯЛАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастарға арналған «Эмоциялар әлеміне саяхат» атты семинар-тренинг өтті.

Іс-шараның мақсаты – жастардың эмоционалдық сауаттылығын арттыру, ішкі сезімдерін тануға көмектесу және психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру.

Семинар-тренинг барысында қатысушылар түрлі психологиялық жаттығулар мен интерактивті тапсырмаларға қатысып, эмоцияларды басқару, күйзелісті жеңу және өзара тиімді қарым-қатынас орнату тақырыптарында пайдалы ақпарат алды. Сонымен қатар, жастар өз ойларымен бөлісіп, топтық жұмыстар арқылы бірбірін жақсырақ түсінуге мүмкіндік алды.



Кездесу барысында қатысушылардың белсенділігі артып, ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Тренинг жастарға күнделікті өмірде кездесетін түрлі эмоцияларды дұрыс қабылдап, оларды тиімді басқарудың маңыздылығын түсінуге көмектесті.

Іс-шара соңында тренинг барысында ерекше белсенділік танытқан қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Бұл жастардың қызығушылығын арттырып, шараның мазмұнды әрі әсерлі өтуіне ықпал етті.

Осындай семинар-тренингтер жастардың психологиялық мәдениетін қалыптастырып, өзін-өзі дамытуына, сондай-ақ қоғамдағы белсенділігін арттыруға оң әсер етеді.

МАҚСАТ – ЖАСТАР АРАСЫНДА ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ НЫҒАЙТУ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар арасында «Көңілді күн» атты ерекше форматтағы семинар-тренинг өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты - жастар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, белсенді орта қалыптастыру және еркін пікір алмасуға мүмкіндік жасау.

Кездесу барысында жастар командалық ойындар мен түрлі белсенді тапсырмаларға қатысып, өзара ынтымақтастық пен ұйымшылдықты арттыруға бағытталған тренингтерге қатысты. Сонымен қатар, қатысушылар шығармашылық қабілеттерін шыңдап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған ерекше сәттерге куә болды.

Еркін форматта өткен кеш жастардың бір-бірімен жақынырақ араласуына, жаңа таныстықтар орнатуына және уақытты тиімді әрі көңілді өткізуіне мүмкіндік берді.

Мұндай іс-шаралар жастар арасындағы достық пен бірлікті нығайтып, белсенді өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

«PRO ЕҢБЕК - PRO БОЛАШАҚ»

Түркістан қаласындағы «Достық үйінде» «Тамырлас» жобасы аясында «PRO ЕҢБЕК - PRO БОЛАШАҚ» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшы кеңесшісі Нұрболат Жүрсін сөз сөйлеп, жастарға арналған мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы кеңінен ақпарат берді.

Кездесудің негізгі мақсаты - жастар арасында еңбекке деген құрметті қалыптастыру, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер жөнінде мағлұмат беру және мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауда бағыт-бағдар көрсету.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандардан жан-жақты жауап алды. Мұндай іс-шаралар жастардың болашақ мамандығын саналы таңдауға, кәсіби дамуына және еңбек нарығының талаптарына бейімделуіне ықпал етеді.

«БОЛАШАҚҚА ХАТ»

Түркістан қаласы Ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен "Түркістан Болашақ" жоғары көпсалалы колледжінде «Болашаққа хат» атты уақыт капсуласын қою рәсімі өтті.

Тағылымды шараның мақсаты – бітіруші түлектердің арман-мақсаттары мен жүрекжарды тілектерін келешек ұрпаққа аманат ету, жастардың болашаққа деген сенімі мен үмітін дәріптеу.



Іс-шараға қоғам қайраткерлері, білім саласының өкілдері, ата-аналар мен жастар қатысып, түлектерге ақжарма тілектерін арнады. Шара барысында қонақтардың құттықтау сөздері айтылып, концерттік бағдарлама ұсынылды.

Салтанатты жиынның басты сәті – түлектердің болашаққа арналған хаттары мен ізгі тілектері салынған уақыт капсуласын арнайы орынға орналастыру рәсімі болды. Бұл капсула уақыт өткен соң ашылып, бүгінгі буынның армандары мен мақсаттарын болашақ ұрпаққа жеткізетін құнды естелікке айналмақ.

Шара соңында бітіруші түлектерге естелік сыйлықтар табысталып, қатысушылар естелік суретке түсті.

АЛАЯҚҚА АЛДАНБА!

Түркістан қаласы әкімдігі мен Түркістан қаласы прокуратурасының бастамасымен, Түркістан қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен және Түркістан қалалық полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп интернет-алаяқтықтың алдын алу мақсатында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысында тұрғындар көп шоғырланатын сауда орталықтары, базарлар, саябақтар және өзге де қоғамдық орындарда азаматтарға интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері мен одан сақтану жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар банк карталарының деректерін бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз нөмірлерден келген хабарламаларға сенбеу және жеке мәліметтердің қауіпсіздігін сақтау жөнінде маңызды кеңестер берілді.

Түсіндіру жұмыстары аясында тұрғындарға интернет-алаяқтықтан қорғану жолдары көрсетілген арнайы жадынамалар мен ақпараттық брошюралар таратылды.

Шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және алаяқтық қылмыстарының алдын алу.

Мұндай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

23 маусым – Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай Сарыағаш аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Жастар есірткіге қарсы» атты облыстық кіші футбол турнирі өтті.

Турнирдің басты мақсаты – жастар арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, сала мамандары арасындағы ынтымақтастықты нығайту және бұқаралық спортты дамыту.

Жарыс барысында командалар топтық кезеңде өзара бақ сынасып, үздік шыққан ұжымдар ширек финал, жартылай финал және финалдық кездесулерде күш сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын – Сарыағаш ЖРО командасы

II орын – Мақтаарал ЖРО командасы

III орын – Қазығұрт ЖРО командасы

Сонымен қатар, жеке номинациялар бойынша Қазығұрт аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ қызметкерлері де жоғары нәтиже көрсетті. Мекеме басшысы Бақытжан Жапбарқұлов турнирдің «Үздік қақпашы» номинациясын иеленсе, мекеме әдіскері Нұрлыбек Әділ «Үздік ойыншы» номинациясына лайық деп танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР СЕНІМДІ ҚАДАМ

Сарапхана ауылдық округіне қарасты М.Өтемісұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары арасында «Жастар нашақорлыққа қарсы» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдер арасында нашақорлықтың, зиянды әдеттердің алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және жастардың құқықтық әрі әлеуметтік жауапкершілігін арттыру.

Кездесу барысында оқушыларға есірткі заттарының адам денсаулығына, психологиялық жағдайына және қоғамдағы орнына тигізетін кері әсерлері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, жастарға зиянды әрекеттерден аулақ болып, бос уақыттарын тиімді ұйымдастырудың, спортпен шұғылданудың және пайдалы әдеттерді қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Іс-шара аясында ақпараттық-насихаттық үндеу парақшалары таратылып, оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Салауатты өмір салтын таңдау – жарқын болашаққа бастар сенімді қадам!

АУЫЛ ЖАСТАРЫН ЖАНДАНДЫРҒАН ТАМАША МЕРЕКЕ

Келес ауданы әкімдігі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен ұлттық салт-дәстүріміз бен асыл құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталған «Ауыл FEST» мерекелік іс-шарасы жоғары деңгейде өтті.

Іс-шараның ашылу салтанатында Келес ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшы орынбасары Жансая Маханбеталиева мен Келес ауданы әкімдігі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Айбек Ташкенбай қатысушыларға сәттілік тілеп, ауылдың береке мен бірліктің, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі екенін атап өтті.

Мереке аясында арқан тарту, ләңгі тебу, садақ ату, қошқар көтеру, күбі пісу және таба нан пісіру сынды ұлттық ойындар мен сайыстар ұйымдастырылып, ауыл жастары мен тұрғындары белсенді қатысты.

Жастар мен үлкендер бір арнада тоғысып, ұйымшылдық пен татулықтың жарқын үлгісін көрсетті. Ұлттық ойындар, ән мен күй, дәстүрлі тағамдар арқылы ауылдың рухани келбеті айшықталып, мерекенің сәні арта түсті.

Шара соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар арнайы марапатталып, ізгі тілектер айтылды.

Жүлделі орындар:

I орын – «Бозай» ауылының жастар командасы

II орын – «Алпамыс батыр» ауылының жастар командасы

III орын – «Біртілек» ауылының жастар командасы

Ауыл – бірлік пен берекенің, ұлттық құндылықтар мен ұрпақ сабақтастығының алтын діңгегі!



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық Құрылтай Төрағасының орынбасары

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

(Соңы. Басы 1-бетте).

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған Әділетті Қазақстан тұжырымдамасының тарихи мәні де осында. Өйткені мемлекет дегеніміз ең алдымен аумақ емес. Мемлекет – сенім. Заңға деген сенім. Әділдікке деген сенім. Ертеңгі күнге деген сенім. Сенім әлсіреген жерде заң да әлсірейді. Заң әлсіреген жерде мемлекет әлсірейді. Сондықтан Мемлекет басшысы қолға алған реформалардың түпкі өзегі мемлекеттік институттарды жаңарту ғана емес, қоғамдық сенімді нығайту болды. Осы тұрғыдан алғанда AMANAT партиясының «ӘДІЛЕТ» партиясының құрамына қосылуы туралы шешімнің саяси салмағы ерекше.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бұрынғы партия төрағасы Ерлан Қошановқа және AMANAT партиясының мүшелеріне алғыс білдіре отырып: «AMANAT партиясы мемлекетімізді жаңғыртуға, Заң мен Тәртіп қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанды құру ісіне елеулі үлес қосты», – деп атап өтті.

Бұл – жай ғана саяси рәсімге берілген баға емес, тәуелсіз Қазақстанның тұтас бір кезеңіне берілген тарихи баға. Өйткені мемлекет те адам сияқты. Оның да балалық шағы болады. Қалыптасу кезеңі болады. Кемелдену кезеңі болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан үшін ең басты құндылық тұрақтылық болды. Елдің іргесін бекіту керек еді. Мемлекеттіліктің негізін қалау керек еді. Қоғамды біріктіру керек еді. Сол тарихи міндеттердің жүзеге асуына үлес қосқан саяси институттардың бірі AMANAT болды. Президенттің осыны арнайы атап өтуі сабақтастықтың белгісі. Өйткені жаңару өткенді жоққа шығарудан басталмайды. Нағыз жаңару өткен тәжірибені жаңа мақсаттарға жұмылдыра білуден басталады. Шынында да, сабақтастық жоқ жерде мемлекет те әлсірейді, қоғам да әлсірейді. Бүгінгі өзгерістердің құндылығы да осында.

Бір дәуірдің тәжірибесі жаңа кезеңнің міндеттерімен тоғысып отыр. «ӘДІЛЕТ» партиясының II съезінде айтылған ойларға назар аударсақ, бұл өзгерістің жай ғана ұйымдастырушылық сипаттан әлдеқайда биік тұрғанын аңғаруға болады.

Партия төрағасы Айбек Дәдебай: «Әділетсіз тұрақты даму болмайды. Әділ ережелер орнаған жерде сенім қалыптасады. Сенім бар жерде инвестиция келеді, кәсіпкерлік дамиды, азаматтық белсенділік артып, қоғамдық бірлік нығаяды», – деді.

Бұл сөздің астарында қазіргі әлемнің бүкіл тәжірибесі жатыр. Ұзақ уақыт бойы адамзат байлықтың негізі табиғи ресурс деп ойлады. Кейін байлықтың негізі капитал деп санады. Бүгінгі әлем басқа қорытындыға келіп отыр.

Қазіргі мемлекеттің ең үлкен байлығы – сенім.

Жапонияны алып қарайық.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күлге айналған елдің қолында мұнай да болған жоқ, алтын да болған жоқ. Бірақ оларда тәртіп болды. Жауапкершілік болды. Қоғамдық келісім болды. Соның арқасында Жапония әлемнің ең қуатты экономикаларының біріне айналды. Германияның жетістігінің түп-тамыры да осында. Сингапурдың табысының сыры да осында.

Барлығының негізінде әділ институттар мен қоғамдық сенім жатыр. Сондықтан бүгінгі Қазақстан үшін де әділет ұғымы жай ғана саяси термин емес. Ол – дамудың шарты.

Ол – тұрақтылықтың кепілі. Ол – ұлттық бірліктің өзегі. Бүгінгі қоғам кешегі қоғам емес. Азаматтардың талабы өзгерді. Олардың мемлекеттен күтетін үміті өзгерді. Егер бұрын халық мемлекеттен қамқорлық күтсе, бүгін әділдік күтеді.

Егер бұрын мүмкіндік сұраса, бүгін тең мүмкіндік талап етеді. Сондықтан партиялардың да рөлі өзгеруге тиіс. Олар тек сайлау кезінде ғана көрінетін құрылым емес, қоғамның үніне құлақ асатын, азаматтардың мұң-мұқтажын мемлекетке жеткізетін институтқа айналуы керек.

Осы тұрғыдан қарағанда съезде қабылданған өңірлік филиалдарды күшейту туралы шешімнің мәні ерекше. Өйткені саясаттың тағдыры елордадағы мінберлерде емес, өңірлердегі нақты өмірде шешіледі. Ауылдағы мектептің жағдайында, аудандық ауруханаңың мүмкіндігінде, жастардың жұмыс таба алуында, кәсіпкердің кәсібін жүргізе алуында, бір сөзбен айтқанда, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінде көрініс табуы маңызды. Бес жыл бойы Ұлттық Құрылтай алаңдарында да осы мәселелер жиі көтерілді.

Қоғамның шынайы сұранысы өңірлерде жатыр. Мемлекеттің шынайы қуаты да өңірлерден басталады.

Сондықтан жаңа саяси жағдайда партиялардың күші олардың орталық аппаратында емес, халықпен қаншалықты жақын жұмыс істей алуында болады.

Айбек Дәдебай съезде: «Бұл – тар партиялық мүддеден жоғары тұрған, ұлттық жауапкершілікке негізделген парасатты шешім», – деп атап өтті. Менің ойымша, дәл осы сөз бүгінгі өзгерістің мәнін дәл ашады. Өйткені ұлт тарихында кейбір сәттер болады. Сол кезде партиялық есептен елдік мүдде биік тұруы керек. Жеке амбициядан қоғамдық жауапкершілік жоғары тұруы керек. Өйткені мемлекет дегеніміз – ортақ тағдыр.

Ал ортақ тағдырды ортақ жауапкершіліксіз сақтау мүмкін емес. Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында тұрған міндеттер күрделі әрі ауқымды. Экономиканы әртараптандыру, технологиялық серпіліс жасау, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өңірлік теңсіздікті азайту, адами капиталды дамыту, жаңа буынның әлеуетін ашу.

Мұндай міндеттерді орындау үшін қоғамдағы жауапты күштердің топтасуы қажет.

Бірақ бірігу деген бәрінің бір-дей ойлауы емес. Бірігу деген – әртүрлі көзқарастың ортақ мақ-сат жолында тоғысуы. Қазақтың «береке басы – бірлік» дейтіні сондықтан.

Бүгін біз жаңа саяси кезеңнің табалдырығында тұрмыз. Ендігі жерде партиялардың да, мемлекеттік институттардың да, азаматтық қоғамның да басты міндеті – Әділетті Қазақстан идеясын нақты нәтижеге айналдыру.

Өйткені уақыттың өзі бізге жаңа өлшем ұсынып отыр.

Енді сөз емес – нәтиже сөйлейді. Енді мәртебе емес – жауапкершілік бағаланады. Енді уәде емес – сенім сыналады. Ал сенімнің ең берік іргетасы – әділет. Әділет бар жерде береке болады. Береке бар жерде бірлік болады. Бірлік бар жерде мемлекет мәңгі болады.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Адам баласының пәнидегі ғұмыры – оның басып өткен соқпақтарымен немесе жасаған жасының мөлшерімен емес, артында қалдырған өнегелі ісімен, қоғамға сіңірген өлшеусіз еңбегімен бағаланса керек. Дана халқымыз «Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы» демекші, бірге жүріп, бірге қызмет еткен сырлас досым, кәсіби білікті дауагер Бәтеш Айтбайұлының басып өткен жолы – өскелең ұрпаққа нағыз ғибрат.





Артта қалған сырлы жылдар парағын жаңғыртсам, сонау 1995 жылдың шуақты күндері көз алдыма келеді. Сол тұста мен Шымкент қалалық №5 емханасының балалар бөлімін басқарып жүрген едім. Облыстық клиникалық ауруханаңың қабырғасында ота жасайтын хирург-уролог ретінде ысылған, Алматы мемлекеттік медицина институтының 1994 жылғы жас түлегі Бәтеш Айтбайұлы біздің ұжымға алғаш рет қадам басты. Ол бізде амбулаториялық жағдайда күрделі оталарды асқан шеберлікпен жүргізетін емшілік қасиетін көрсетті.

Уақыт өте келе, емхананың бас дәрігері Нариман Әміреев жас маманның бойындағы ерекше ұйымдастырушылық қабілет пен ыждағаттылықты дөп басып танып, оны ақылы қызмет бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындады. Міне, осы сәттен бастап Бәкеңнің еңбек жолы үлкен қарқын алып, мерейі үстем болды. Ол тек өз міндетімен шектелмей, емханаңың қоғамдық тынысына да белсене араласты: кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде бұқараның мұңын мұңдап, азаматтық қорғаныс бөлімін басқарып, қара шаңырақтың абыройын асқақтатты. Мекеме көрсеткіштерін биіктетуге қосқан үлесі үшін Облыстық және Қалалық денсаулық сақтау басқармаларының жоғары марапаттарына ие болды. Соның нәтижесінде, зәру шипа іздеген науқастар облыс пен қаланың түкпір-түкпірінен осы №5 емханаға, білікті маман Бәкеңе ағыла бастады. Жұмыс уақытына сыймаған жандарды ол демалыс күндері де қабылдаудан еш жалықпайтын.

Осы орайда досымның асыл бір қасиетін, азаматтық мәрттігін айтпай кету мүмкін емес. Әлі есімде, аптап ыстық тамыз айында өзінің кішігірім «Таврия» автокөлігіне мініп алып, ауыл-ауылды аралап, балаларды сүндеттеумен айналысатын. Сәбилерді мұсылман ету жолында ешқашан ақы сұрамай, «Бергеннің берекесін берсін» деп, тек ақ батасын беріп жүре беретін еді.

Бойындағы алғырлығы мен Алла берген кәсіби шеберлігінің арқасында Бәкең халыққа медициналық көмек көрсетудің жаңа сапасын қалыптастырып, алғашқылардың бірі болып жеке емдеу орталығын ашты. Зәулім үйдің бірінші қабатынан пәтер алып, «Сымбат Нұр» клиникасының іргетасын қалады. Кейіннен халықтың сұранысы мен қамын ойлап, Қайтпас мөлтек ауданында осы клиниканың кеңейтілген филиалдарын іске қосты.

1961 жылдың 7 наурызында дүниеге келген, Бөген өңірінің тумасы Бәтеш Айтбайұлы 2001-2008 жылдары «Сымбат Нұр» клиникасының бас дәрігері, ал 2008-2013 жылдары Шымкент қалалық №1 емханасының бас дәрігері қызметін абыроймен атқарды. Осы жылдары №1 емхана ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, қала халқына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын көкке көтерді. Нәтижесінде бұл мекеме қала бойынша «Ең үздік емхана» мәртебесіне ие болды.

Медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары дәрежелі ұйымдастырушы Бәтеш Айтбайұлы 2013 жылы Шымкент қалалық жедел медициналық көмек көрсету станциясының бас дәрігері қызметіне тағайындалды. Осы кезеңде де ол қарап отырмай, жедел жәрдемнің шұғыл сапасын арттыру үшін қосымша екі ірі подстанция аштырып, автокөлік паркін заманауи техникалармен толық жаңартты.

Бүгінде Ордабасы ауданының Құрметті азаматы, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы Бәтеш Айтбайұлы – отбасында да бақытты әке, аяулы жар. Құдай қосқан қосағы Жадыра Төребекқызымен бірге 3 перзент тәрбиелеп, 2 немеренің сүйікті ата-әжесі болып отыр. Ғұмыр жолында қасиетті қажылық парызын да өтеп қайтты.



Осынау дүр азамат, менің отыз жылдан бергі қимас әріптесім, сырлас досым биыл пайғамбар жасынан асып, кемелдіктің шыңы – 65 жасқа толып отыр. Халыққа жасаған өлшеусіз еңбегіңнің жемісін көріп, жүз жаса, досым!

Құтты болсын алпыс бес – кемел жасыңыз,
Әлі талай асу алып, белестерден асыңыз.
Қызық пенен қуанышты тең көріп,
Жүзге лайым сенімді қадам басыңыз!

Ақ тілекпен:
Манап Мұстафаұлы ДОСАНОВ,
дәрігер-хирург,
еңбек ардагері.

Мен үшін елуге енді иек артқанда мына жалған дүниеден озған талантты жазушы Мұса Рахманбердиевтің орны бөлек. Екеуміз жас кезімізде Жамбыл облыстық «Еңбек туында» бірге қызмет атқарып, арман қуып, Алматыға келіп едік. Қаламы қарымды досым «Қазақстан» баспасында, «Қазақ әдебиетінде» еңбек етіп, үлкен шығармашылық жолдан өтті. 1990 жылдардың басында «Қазақтелефильмнің» Бас директоры болды. Үш жинағы жарық көріп, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Алар асулары әлі алда болатын, бірақ бір өкініштісі, ғұмыры қысқа болды. Досым небәрі 51 жыл өмір сүрді.
Студент кезінде елді елең еткізген повесть жазып, туындысы «Жалын» журналына жарияланғанда, жас жазушы Серік Байхоновтың есімі жұлдыз болып жарқырап шыға келді. Мені Сәкентаймен таныстырған Мұса досым болатын. Қарым-қатынасымыз шынайы достыққа айналып, арамыздан қыл өткен емес, тату болдық, арманымыз, мақсатымыз бір еді. Мен Қазақ теледидарында Бас директордың бірінші орынбасары болып, Серік әдеби-драма шығармашылық бірлестігінде жетекшілік етіп, бірге қызмет атқардық. Мұса мен Серікке қарағанда екі-үш жас үлкендігім бар. Екеуін Мұсатай, Сәкентай деп еркелетуші едім. Талантты қаламгер ретінде бүкіл қазақ танып, ардақтаған Серік те осыдан екі жыл бұрын мәңгі оралмайтын сапарға кете барды. Екі дос туралы бұрын да әзілге толы шағындау дүниелер жазған едім. Сағыныштан туған сол туындыларды толықтырып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмын.


Мұса Рахманбердиев


Серік Байхонов

МҰСАТАЙ МЕН СӘКЕНТАЙ



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ЩЕТКА

Қазақ теледидарында бірге қызмет атқаратын Серік атты досым қыз қызығарлықтай жігіт: бойы екі метрге жуық ұзын, жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, бүркіт тұмсық, нағыз қыран көздің өзі. Сырт қарағанда көзге сұсты болып көрінгенмен, жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, үлкен шығармашылық бірлестіктің Бас редакторы болса да, кейбіреулер құсап шіренуді білмейді, кішіпейіл, үлкен-кіші демей, қалбалақтап жаны қалмайды. Жұмыс десе, ішкен асын жерге тастап жүре береді, опырып тастайды. Әріптесіміздің осы қасиеттері үшін бәріміз де жақсы көреміз, бастықтардың да оған деген көзі түзу.

Жұмысына ұқыпты болып келетін әріптесімнің бір қызығы: үсті-басына онша мән бере бермейді. Серік үшін шалбарын бір апта бойы үтіктемей жүре беру түк те емес. Ал, оған біреу-міреу ұнап қалса, екі күнде бір костюм ауыстырып, үстіне ақ көйлек киіп, галстук тағып, шашын сәндеп қидырып, жұтынып шыға келеді. Дәл осылай жүрісі мен тұрысы көп болса бір аптаға созылып, сонан соң қайтадан баяғы қаз-қалпына түседі. Осыған қарағанда лап етіп жанған махаббаты сәтсіз аяқталатын болу керек, ал, ол жайында сұрасаң, тіс жармайды.

Күндегі әдетіміз бойынша екеуміз ұзынды-қысқалы болып, түскі тамаққа бірге барамыз. Бүгін досымның кабинетіне кірсем, қыз айттыратындай сылқиып киініп, қол сағатына қайта-қайта қарағыштап отыр екен.

– Дөкентай, – деді Серік орнынан тұрып жатып, – түскі тамаққа өзің бара бер. Менің бір шұғыл шаруам болып тұрғаны.

Екеуміз бөлмеден бірге шыққанмен, екі жаққа бет алдық. Ертесіне де, дәл түскі тамақтың алдында Серіктің алдынан аяқ асты тағы бір шұғыл жұмыс шыға келді. Бұтына джинсы шалбарын, үстіне футболка киген досым жоқ, шырт болып киініп алған. Сәкең менен осылайша бақандай бір айға жуық «қашып» жүрді. Жиырма төртінші күні түскі тамаққа он бес минут қалғанда досым менің кабинетіме бас сұқты.

– Басеке, өзің жақсы білесің, сомадай жігіт болсам да, апам мені осы күнге дейін аузының сүті кетпеген жас баладай көреді. Алматыда аштан өліп қалады деп ойлайтын болу керек, тағы да біраз ет, май, күріш беріп жіберіпті. Әрбір бағанаға тоқтай беретін Қызылорданың пойызы бүгін сағат екіде келеді. Теміржол вокзалына өзім барайын десем, шұғыл бір жұмыстың шығып тұрғаны. Сен маған қарағанда дүрдей бастықсың, астында көлігің бар, апамның жолсеріктен беріп жіберген сәлемдемесін ала салшы.

Серік менің жауабымды күтпестен жатақханадағы бөлмесінің кілтін алдыма тастай салды.

– Күрішті балконға қой, ет пен майды тоңазытқышқа саларсың, айтпақшы, ұмытып барады екенмін, 6-шы вагон. Жолсеріктің аты да Серік. Пойыз сағат екіде келеді, кешігіп қалма!

Қазақ теледидары Бас директорының бірінші орынбасары болсам да, досым осылайша маған тапсырма беріп, үлкен кабинеттен шығып кетті. Сәкентайдың келіншегі төркініне кеткен, тапсырмасын орындамасаң «сөгіс» алуың мүмкін. Сөйтіп теміржол бекетіне жинала бастадым.

Серіктің апасы беріп жіберген заттарды орын-орнына қойып, қолымды жумақшы болып ваннаның ішіне кірдім. Сабынның жанында қатар-қатар самсап тұрған тіс тазалайтын щеткаларға көзім еріксіз түсті, бәрі де судай жап-жаңа, ашылмаған күйі тұр. Жалықпай санап шықтым, тұптура 24 дана.

– Бұл досым бұрын сирек кездесетін кітап жинауға әуес еді, енді тіс щеткасын жинауға көшкен бе?! – дедім таңырқап.

Әлгі жұмбақ 24 тіс тазалағыш щеткаға қарап тұрып, Серік Байхоновтың маған осыншама күн әртүрлі сылтау айтып қашып жүргені есіме түсе кетті.

«Мұнда бір үлкен гәп бар, – дедім кәнігі тергеуші сияқты өз-өзіммен сөйлесіп. – Ертең міндетті түрде тексерген жөн».

Ертесіне түскі үзіліс жақындағанда Сәкең тағы бір сылтау айтып, көшеге бет алды. Мен де оның соңынан байқатпай еріп отырдым. Біздің мекемеге қарамақарсы шолақ көшеде майда-шүйде зат сататын дүкен бар, Серік сонда бұрылды. Мен де дүкеннің ішіне кірдім. Ұзын-тұра досым екі езуі екі құлағына жетіп, әлденеге мәз болып, сатушы қыздармен бас изесіп амандасты. Сонан соң дүкеннің бір бұрышында тұрған, қан сонарда бұлаңдаған түлкідей сұлу бикешке бет алып, «Сәлеметсіз бе, қарындас!» деп сәлем берді.

– Сәлеметсіз бе, аға? Тағы да тіс щеткасын алуға келдіңіз бе? – деді сатушы қыз құрбыларына көзін қысып.

Досым екі көзі жыпылықтап, ыржиып күліп, басын шұлғи берді.

Ромео досым менің дүкенге қалай кіріп, қалай шығып кеткенімді аңғарған жоқ. Ғашықтық дерт тұла бойын өртеп, басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген әріптесімді дәл шыға берісте қарсы алдым.

– Ой, Доқа, сенбісің, мұнда қайдан жүрсің? – деді Серік екі көзі алақтап.

– Бүгінгі сатып алған жиырма бесінші тіс щеткаңмен құттықтайын деп арнайы келдім, – дедім досыма.

– Рахмет, рахмет!

Үлкен ұрлығының дәл үстінен түскендей, Сәкентай қолындағы тіс щеткасын қайда тығарын білмей, қатты сасқалақтады.

Сәкең ертесіне қайтадан бұрынғы таз қалпына түсіп, менімен бірге көшкен көштей шұбатылған түскі астың кезегінде тұрып жатты...

«НӨМІР КЕРЕК ПЕ, ӨМІР КЕРЕК ПЕ?»

Сексенінші жылдардың ортасында Мұса «Қазақ әдебиеті» газетіне очерк және публицистика бөлімінің меңгерушісі, ал, Серік Қазақ теледидары қоғамдық-саяси Бас редакциясының бөлім бастығы болып дүркіреп тұрды.

Бірде Серік «Сал үстіндегі маусым» атты бірнеше сериялы телехабар жасап, Қызылорда өңірінің әлеуметтік және экономикалық өзекті жайларын жан-жақты көтереді. Кезекті бір шығармашылық лездемеде оған лайықты баға беріліп, мақтаудан кенде болмады. Жақсы сөз қай жүректі болмасын жайма шуаққа бөлеп жібереді емес пе? Серіктің сақасы алшысынан тұрып, Сырдың суы тізесіне келмей Алматының көшесімен алшаңдай басып келе жатқанда, дәл қарсы алдынан досы Мұса Рахманбердиев ұшыраса кетті. Аман-саулықтан соң Мұса да Серіктің хабарын жата кеп мақтай жөнелді.

– Сен нағыз қазақтың Песковысың, – деді ол қыза-қыза. Осындай мақтаудан соң Серік Байхонов қалай шыдасын, әлгі хабарын шұғыл түрде «жуып» жібереді.

Екі дос біраз шырқап, қоштасарда Серік керемет бір идея айтады:

– Давай, Мұса, біздің елге барып қайтайық. Мен саған тұнып тұрған нағыз табиғатты көрсетемін. Өзің де сексеуіл жайында проблемалық мақала жазамын деп құлшынып жүрсің ғой. Ал, сексеуілдің көкесі біздің жақта біле білсең. Ішіндеептеп қызуы бар Мұса досының ойын қолдай кетіп, жолсапарға бірге баратын болып келіседі.

Серік пен Мұса арада бір апта өтпей жатып, Сыр өңірі қайдасың деп тартып кетеді. Серік Мұса досын өзінің туған ауылы «Авангардта» біраз аунатып-қунатып алған соң, Шиелі аудандық партия комитетіне бас сұғып, келген шаруаларын айтады. Райкомдағылар аты белгілі екі жазушы-журналистке арнайы жолбасшы және құммен еркін жүре алатын «КамАЗ» автомашинасын бөледі.

Еркін жүріп-тұрып қалған Серік райкомның жауапты қызметкерін өздерімен ерткісі келмей, сан түрлі сылтау іздейді.

– Серік, абайла, – дейді Мұса – құмның ішінде адасып кетіп, өліп қалып жүрмейік. Сондықтан да, жолбасшыны алғанымыз жөн болар.

– Қорқатын ештеңесі жоқ. Бұл өңірді талай-талай жаяу кезгенмін, бес саусағымдай жақсы білемін десем, артық айтқандық болмас. Тіпті, адасып кеткеннің өзінде менің жұлдызға қарап, жол табатын қасиетім бар, – деп желпінеді Серік.

Айтқанынан қайтпайтын Сәкең әлгі райкомның жауапты қызметкерін бір амалын тауып тастап кетеді де, арнайы бөлінген «КамАЗбен» жолға шығады.

Мұса досы ауылына күнде келіп жатқан жоқ. Қоржынын мықтап толтырып алған Серік Байхонов әрбір шақырым сайын тоқтап, алыстан арнайы келген жан досы үшін, топырағында аунап өскен туған жері үшін, аузын ашса көмекейі көрінетін аққөңіл жандар үшін, тұнып тұрған табиғаты үшін үсті-үстіне тост көтереді. Қызыл сөзге Мұса батыр да дес берген бе? Оның да көңілі асып-тасып, сөзді түйдек-түйдегімен ағытады.

Мұндай кезде уақыт дегенің де тым жүйрік қой. Лезде ымырт үйіріліп, үшеуі құмның ішінде кәдімгідей адасып кетеді. Серіктің бұл өңірді бес саусағындай жақсы білетіндігі, жұлдыз санап жол табатындығы жайына қалады. Түннің бір уағында үлкен шамдарын жарқыратқан бірнеше машина адасқан жолаушыларды жанжақты қоршап алады. Кәдімгідей қызу болса да, Серік әлгілердің рұқсатсыз киік аулап жүрген браконьерлер екенін біле қояды.

Иә, шаш ал десе, нағыз бас алатын осылар. Олар кездейсоқ кездесе кеткен көлденең көк аттыларды онша жарата бермейді. Мұны да өте жақсы білетін Серік «О, құдіретті Құдай, өзің сақтау гөр!» деп мылтықтарын кезеніп, өктем-өктем сөйлеп тұрған ниеті бұзық жандарға қарсы жүреді. Біреуін көке деп, енді біреуін жезде деп, сендер жақсы, біздер жақсы деп, қалған төрт бөтелке арағын беріп, алдапсулап бас кесерлерден әрең құтылады.

– Мыналарың кімдер? – дейді әлі мастығы айыға қоймаған Мұса. – Саған даусын көтеріп сөйлеуге кім право берді оларға? Давай, Серік, машиналарының нөмірлерін жазып ал. Алматыға барған соң, әкелерінің кім екендігін танытамыз.

– Тсс, – дейді сонда Серік – саған нөмір керек пе, өмір керек пе?..

«ЖАН ЖАРЫН КҮТІП ӘЛІ ОТЫР»

Сәтсіз аяқталған сексеуіл сапарынан соң Мұса мен Серік Қармақшы ауданына бармақшы болып, жұбын жазбай пойызға бірге отырады. Бұл екі достың да Қожанасырдан артық жері шамалы, бір-бірінен көз жазып қалып, Серік Тереңөзек теміржол бекетінде түсіп қалады да, Мұса мұртын тікірейтіп, қақиғаннан қақиып, Жусалыдан бір-ақ шығады. Көп жолаушымен бірге пойыздан түсіп, жан-жағына қарайды. Жанынан бір елі қалмайтын ұзынтұра досы Серік жер жұтып жібергендей, ұшты-күйлі жоқ. Осылайша алаңдағаннан-алаңдап, Мұса ет пісірім уақыт тұрып қалады. Бірақ, Серік көрінетін емес. Не де болса баратын жеріме өзім-ақ тарта берейін деген оймен Мұса жанынан өтіп бара жатқан жас келіншектен жөн сұрайды.

– Біздің ауданда сіз айтқандай совхоз жоқ, – дейді әлгі келіншек таң қалып.

– Сонда қалай болғаны! – дейді Мұса сасқалақтап, – бұл қай жер өзі, айналып кетейін?

– Сіз Жусалыда тұрсыз, ағай.

– Ә, солай ма еді? Қап, енді не істесем екен? – деп қара санын бір-ақ соғады Мұса.

Журналистік өмірде талайды көрген Мұсакең бұл жолы да онша сасқалақтай қоймайды. Болары болды. Битке өкпелеп, тоныңды отқа тастай алмайсың. «Әй, Серік, саған не дейін? Бір әдемі келіншек бетіңе күліп қарап еді, есің шығып, жаныңдағы жалғыз досыңды ұмытып кеттің. Енді менің сүмірейіп тұрысым мынау. Әлгі мен жазатын сексеуілдің жағдайы анау болды. Он күн бойы босқа салпақтап, газетке жариялайтын бір дүние алмай келгенімді құдайым да, редакторым да, сірә кешіре қоймас. Айтпақшы «Ұлы жеңістің 45 жылдығы жақындап қалды емес пе? Соғыстан күйеулері қайтпаған жесірлер туралы очерк жазу көптен бері ойымда бар еді. Меніңше, ондай кейіпкерлер кез-келген ауылда табылып қалады» деп ой түйген Мұса, аудан орталығына жақындау бір ауылға жаяу-жалпы тартып кетеді. Үлкен ауылға кіре берісте бір қариямен жүздесіп, жөнін айтады.

– Ондай кемпірлер біздің ауылда толып жатыр. Мысалы, Қалимаш жайында жазуыңа әбден болады. Үйі анау тұрған тоқал там, – дейді ақсақал жөн сілтеп.

Құдай оңдағанда Қалимаш әжей үйінде екен. Біреу газетке жазайын деп құлшынып тұрса аянсын ба, көзінің жасын төгіп-төгіп алып, соғыстан оралмаған күйеуі туралы сызылтып тұрып айтып береді.

– Әже, осы ауылда өзіңіз сияқты жесір қалған кімдер бар? – дейді Мұса қоштасарда.

– Күлпаш пен Әлиманы жазуыңа болады, шырағым. Екеуі де онша алыс тұрмайды. Кез келген баладан сұрасаң үйін тауып береді, айналайын, – дейді кемпір.

Мұса бірінші болып Күлпаш апаның үйіне бас сұғады.

– Солай де, шырағым. Сонау ит өлген жерден арнайы келген екенсің, – дейді шүйкедей қара кемпір. – Келгенің өте жөн. Бірақ, Қалимашты газетке жазбағаның жөн болар. Оған бәрібір, өзің үлкен ұятқа қалып жүрерсің.

– Неге, апа?! – дейді Мұса таң қалып.

– Балам, Қалимаштың күйеуінің соғыстан оралмағаны рас. Ол жайлы бүкіл ауыл біледі. Бірақ, ол албасты күйеуінен қара қағаз алған соң бір емес, екі бірдей байға тиді емес пе? Соңғы байы жақында ғана өлді, өзі жақсы адам еді, жаны жаннатты болғыр. Жазатын болсаң, мені жаз газетке, балам. Қайта-қайта байға шыққан кемпірді қайтесің әлдеқандай қылып.

Қара кемпірдің айтқандарын қойын кітапшасына түртіп алған Мұса көп ойланбастан Әлима әжейдің үйіне келеді.

– Қырықтың бірі – Қыдыр деген. Өзің жүзі жылы бала екенсің, жоғары шық, қонақ бол, – дейді кейуана ақ пейіл танытып.

Шай үстінде Мұса келген шаруасын айтады.

– Шырағым, кәрі қойдың жасындай өмірім қалғанда біреуді жамандап қайтейін. Дегенмен, жасырып-жабатыны жоқ. Қалимаштың жағдайы сондай болған, ол жағын өзің де естіпсің. Анау Құдай атып кеткір Күлпаштың да оңған қылығы шамалы. Ол көлденең көк атты біреуден бір емес, екі бірдей бала туып алды. Отырмын ғой мен Құдай алмай-ақ. Не күйеуге тиген жоқпын, не бала туған жоқпын. Қыздай тиген Рысбегімнен қалған жалғызым аман болсын. Соның тілеуін тілеймін, қарағым!

Құдайға шүкір, он немерем бар. Ешкімнен кем емеспін, не ішем, не кием демеймін. Әй, дегенмен, Рысбегімнің орны бөлек қой, жігіттің нағыз төресі еді ол. Рысбекті өлді дегенге әлі де сенбеймін. Бір күні есікті айқара ашып, кіріп келетін ұқсайды да тұрады, – деп Әлима әжей ағыл-тегіл болып жылап алады...

...Осыдан көп ұзамай-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінде Мұса Рахманбердиевтің «Жан жарын күтіп әлі отыр» деген очеркі жарық көреді.

ШІЛДЕХАНА

Миллиард пұт астық береміз деп басымыздағы қалпағымызды аспанға лақтырып, қырылып қала жаздайтынымызды әлі ұмыта қойған жоқ шығарсыздар, ағайын. Тың өлкелерінде астық ору басталысымен, «Қазақстанның астығы – Отанға» деп газет біткен жатып кеп шулайтын, орылған астық бастыруға үлгірмей, қар астында қалғанша теледидар мен радионың қақсаған жағы бір сәтке тынбаушы еді.

Қазақ теледидары қоғамдық-саяси Бас редакциясының ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Серік Байхонов бастаған шығармашылық топ «Ақ бидай» бағдарламасының арнайы тапсырмасымен бір ай мерзімге Солтүстік Қазақстан облысына жолсапарға аттанады. Шаруа қамымен анда-мұнда шапқылап, арада он шақты күн өте шығады. Серік бастаған жігіттердің жолсапарға деп алған қаржылары таусыла бастап, журналист ағайындар қара су ішіп, қатқан қара нан жеуге жақындап қалады. Елдің арқасында андасанда бір тойып тамақ ішіп алуға мүмкіндік жоқ, кез-келген ауылда орыс ағайындар басым, арпаның ішінде өскен бидай сияқты қазақтың өзі орыс болып кеткен.

Өзінің де, жігіттердің де онша жағдайы болмай жүрген. Серік Байхонов бір күні ары ойлап, бері ойлап, бір амал тапқандай болады.

– Жігіттер, саспаңдар, амандық болса, ертең қарындарыңды бір тойғызамын. Тіпті, жүз грамм ішіп қалуымыз мүмкін, – дейді Сәкең жігіттерге.

Жігіттердің жауабын күтпеген Серік Сергеев аудандық партия комитетіне телефон шалады.

– Алла, алло! Аудандық партия комитеті ме? Маған идеология жөніндегі хатшы керек еді. Менің аты-жөнімді сұрап тұрсыз ба? Республикалық теледидардың бөлім бастығы Серік Байхоновпын.

Хатшы қыз секретарды телефонға тез қоса қояды. Қысқа амандықтан соң, Серік тікелей шаруасына көшеді.

– Бүгін ғана Қазақ теледидарынан арнайы тапсырма алдық. Егін орағы кезінде перзентті болған механизатор туралы сюжет түсіруіміз өте қажет болып тұр. Сіздерде ондай адам табылып қала ма?

– Неге табылмасын, – дейді көктен іздегені жерден табылып, қуанып кеткен хатшы. – Жамбыл атындағы совхоздың, Ленин орденді механизаторының әйелі осыдан бес күн бұрын қошқардай-қошқардай егіз ұл тапты. Соны түсіріп алыңыздар телебізірге.

– Сәбилерді перзентханадан қашан шығармақ екен? – дейді Серік Байхонов қуанып.

– Жаңылмасам, ертең болуы керек.

– Олай болса, ертең біз сонда боламыз. Сағат онда сізге соға кетейік, бірге барғанымыз жөн болар, – дейді Серік асығыс сөйлеп.

– Келістік, мен совхоз басшыларына ескертіп қоямын.

Ертесіне айтқан уақытта Серік бастаған шығармашылық топ аудандық партия комитетіне соғып, хатшымен бірге әйелі егіз бала туған совхозға тартып кетеді. Райкомның хатшысы арнайы телефон соққан соң жаны қала ма, шаруашылықтың бүкіл бетке шығар қаймағы күтіп отыр екен. Бүкіл саймандарын сақадай сайлап келе жатқан жігіттер іске шұғыл кірісіп кетеді. Орақ басынан арнайы келген механизатор бір құшақ гүл ұсынып, әйелі мен егіз ұлын перзентханадан шығарып алады. Совхоз директоры қос сәбиге ақ тілек тілейді. Құшағы гүлге толған ана мәз-майрам. Серіктің бір аңғарғаны: бар шаруа осымен аяқталатын түрі бар. Мыналардың шілдехана жасау тұрмақ, жәй шайға шақыратын түрлері жоқ. Бар шаруамды бітірдім дегендей, егіз ұлдың әкесі тап дәл қазір егін басына жүріп кетпекші.

– Стоп, стоп, – дейді Серік – сценарий бойынша бүгінгі кездесу бұлай аяқталуға тиіс емес, механизатор әке егіз ұлын көтеріп, жұбайымен үйге бірге кіруі керек, сонан соң арнайы қой сойылып, дастархан жайылып, біз шілдехананы түсіруіміз керек еді.

Түсінемін, орақ кезінде уақыт алтыннан да қымбат. Бірақ, бізге берілген тапсырма бар, шілдехананы түсірмесек бол-

майды. Оны бүкіл республика телекөрермендері күтіп отыр. Серік Байхоновтың бұл сөзіне ешкім қарсы дау айта алмаса керек. Бір жағынан шаруақор, бір жағынан аңқау ауыл адамдары шұғыл түрде шілдехананың қамына кірісіп кетеді...

Серік командасын тез жинап алып, сыбырлай үн қатады:

– Жігіттер, бәрі де ойдағыдай. Бірақ, алдын-ала ескертіп қояйын, арақты көргенде қойды көрген аш қасқырша бас салып жүрмеңдер, алдымен жақсылап тұрып тамаққа тойып алыңдар. Біреу-міреу мас болып жүрсе, айтпады демеңдер, аямаймын!

Түннің бір уағында Серік және оның командасы облыс орталығындағы қонақ үйге аман-есен, әндетіп көңілді оралады...

БАЙБОТАНЫҢ ӘЛЕГІ

Ақын Байбота Серікбаев бірде біраз сілтеңкіреп қойып, Алматының бір айықтырғышына түсіп қалады. Ертесіне таң атпай жатып, онсыз да мазасы болмай отырған Байботаны қызыл жағалы ағайындар қарсы алдына отырғызып қойып, тиісті құжаттарды толтыра бастайды.

– Аты-жөніңіз кім, қай жерде қызмет жасайсыз? – дейді лейтенант қаламын ыңғайлап.

– Фамилиям – Байхонов, атым – Серік. Республикалық «Жаңа фильм» журналында жауапты хатшымын.

– Әжептеуір қызмет атқарады екенсіз. Өлгенше ішіп, айықтырғышқа түсіп, сізге не болды соншама? Бірақ амал жоқ, жұмыс орныңызға хабарлаймыз. Ал, қазір 50 сом айып төлеңіз, сонан соң боссыз.

– Менде ондай ақша жоқ, – дейді Байбота қипақтап.

– Олай болса, жұмыс орныңызға телефон соғамыз, ақшаны олар төлеп алып кетсін.

Лейтенант айықтырғышқа түсіп қалған ақынның жауабын күтпестен телефон тізімдері жазылған анықтама кітапты ақтарып, тиісті нөмірді тауып алып, «Жаңа фильм» журналына телефон шалады. Трубканы журналдың бөлім меңгерушісі Лесбай Оспанов алады. Айықтырғыштағы кезекші бар мән-жайды түсіндіріп айтқанда, ол шалқасынан түсіп, құлап қала жаздайды.

– Мүмкін емес, айналайын! – дейді Лесбай шыр-шыр етіп. – Серік Байхонов өзінде отыр. Қазір ғана кіріп шықтым. Қас пен көздің арасында онда түсуі мүмкін емес. Ол трубканы тастай салып, Серік Байхоновтың кабинетіне біреу қуғандай кіріп келеді. Жауапты хатшы темекісін сорып қойып, журналдың кезекті нөмірінің макетін қарап отыр.

Мән-жаймен танысқан ол, Бас редактор Алтыншаш Жағановаңың қызмет көлігін сұрап алып, айықтырғышқа тартып кетеді. Серік сүмірейіп отырған Байботаны көргенде, не күлерін білмейді, не жыларын білмейді. Иә, өз қолыңды өзің кесе алмайсың деген осы. Байбота қанша ит болса да, жолдастығы, жерлестігі бар. Оның үстіне екеуі бес жыл бойы КазГУ-де бірге оқыды. Серік Байхонов тиісті айыбын төлеп, Байботаны үйіне дейін апарып тастайды.

– Байбота, – дейді ол қоштасарда – менің де оңып тұрған мұрным жоқ, періште емеспін, анда-санда ұрттап қоямын. Алматыда екі бірдей айықтырғыш бар екендігін бүкіл жұрт біледі. Бірде ішіп жүріп, екеуміздің бір күнде айықтырғышқа түсіп қалуымыз ғажап емес. Ал, Алматыда журналист-жазушылардың арасында мүлдем ішпейтін екі-ақ адам бар. Темірхан Момбекұлы мен Алпысбай Шымырбаевты өзің де жақсы білесің. Бұдан былай айықтырғышқа түсіп қалсаң, солардың бірінің атын айтарсың. Ал, қазірге хош-сау болып тұр.

Арада біраз уақыт өтіп, бір күні Байбота құдай атып, тағы айықтырғышқа түсіп қалады. Құдай аузына салды ма екен, жоқ Серік Байхоновтың өткен жолы айтқан әзіл-шыны аралас сөзі есіне түсіп кетті ме екен, бұл жолы қызыл жағалы ағайындарға өзін Алпысбай Шымырбаевпын деп таныстырады.

Дәл осы кезде белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбектің «Білім және еңбек» журналына Бас редактор болып қызметке ауысып, ыстық-суығы басылмаған кезі. Ол ай-шай жоқ, «маскүнемдікке» салынып, айықтырғышқа түскені үшін Алпысбайды жұмыстан шығарып жібереді.

Нақақтан-нақақ күйіп, өмірінде лимонадтан басқаны татып көрмеген Алпысбайға бүкіл ұжым араша түсіп, сол кездегі Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетіне арыз айтып барады. Ондағылар да ай қарап, жұлдыз санап отырған жоқ, барлық мән-жайды түбіне дейін тексеріп, қойдан жуас Алпысбай Шымырбаевты қайтадан жұмысына алдырады. Ал, осы оқиғадан соң Байбота Серікбаев ішкенін мүлдем доғарып, бұдан былай айықтырғыш орнына түспейтін болыпты...

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Ғылым мен технологияның қарыштап дамыған заманында біздің еліміз де жаңа өзгерістерге бет бұрды. Әр педагогтің кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуына өзіндік үлес қосатын жасанды интеллект технологиялары білім беру процесінде таптырмас тиімді құрал болып табылады.



Орта білім беру саласындағы пилоттық жобаны іске асыру мақсатымен мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Яғни, басты мақсат – жасанды интеллект жедел дамып келе жатқан дәуірде еліміздің өркендеуіне үлес қосатын заманауи, инновациялық білім беру жүйесін дамыту.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауында цифрлық технологияларды дамыту – білім сапасын арттырудың маңызды қадамы екендігін атап өтті. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының арасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында пилоттық жобаны іске асыру, оны кеңінен тарату ұсыныстары енгізілді.

Біз, ұстаздар қауымы, мемлекет басшысының бастамасын қолдай отырып, білім беру саласына өзіндік үлесімізді қосып келеміз. Елімізде ЖИ технологиясын меңгерген ұстаздар үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Президентіміздің білім беру үдерісіне ойдағыдай енгізіліп жатқан жасанды интеллект туралы пікірінде: «Технологиялық инфрақұрылым бәріне қолжетімді болу керек», – деген сөзі экожүйені қалыптастырумен қатар ЖИ-ді дамыту керектігін де айқындайды. Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектінің енгізілуі – білім беру сапасының артуына ықпал етеді. Өз тәжірибемде цифрлық технологияларды қолдана отырып, білім сапасының артқанын байқадым.

Басты мақсатымыз – еліміздің болашағы білімді ұрпақтың қолында екендігін ұстаз ретінде дәлелдеу. Сол себепті заманауи білім беру жүйесін қалыптастыру үшін цифрлық мүмкіндіктерді өзімнің іс-тәжірибемде үнемі пайдаланамын. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар тобының мүшесі болуым – осының айқын дәлелі бола алады.

Президентіміз жасанды интеллектті дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп бере алмаймыз деп бекер айтпады. Яғни, цифрлық жүйе – егеменді ел болудың кепіліне, еліміздің экономикасының артуына үлкен күш салады.

Жасанды интеллект – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі. Ел болашағы да, еліміздің ертеңі де – жас ұрпақтың қолында. Саналы,салиқалы ұрпақ қалыптастыру үшін – уақыт талабына да бағына білуің керек. Ал, заман ағымы уақыт жылжыған сайын өзгеріске ұшырайтынын да есіміздеп шығармауымыз керек. Жастарымыз заман талабына сай білім алумен қатар цифрлық технологияларды терең меңгерсе, мемлекеттің басты күшіне айналамыз. Білім мен ғылымды дамыту арқылы біз болашақта озық елдердің қатарына қосыламыз дегім келеді.

Бахина Олжабайқызы БИГОЖИНА,
Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Үздік педагог-2025» байқауының жеңімпазы, ҚР Білім беру ісінің үздік қызметкері.
Астана қаласы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

3. Мемлекеттік кірістер органдары төлеушілерді Салық кодексінің 94-бабы 2-тармағына сәйкес көзделген салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорын қалыптастыру жолымен есепке алады.

4. Жеке және заңды тұлғаларды, заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерін салық төлеуші ретінде тіркеу мыналарды қамтиды:

1) аталған тұлғалар туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізу;

2) тіркеу деректерін өзгерту және (немесе) толықтыру;

3) салық төлеуші туралы мәліметтерді мемлекеттік дерекқорынан алып тастау.

5. Мемлекеттік дерекқорға мәліметтер мемлекеттік кірістер органдары тарапынан жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне нөмірлер тізілімі тағайындалғаннан кейін, нөмірлер тізілімінен алынған деректер негізінде енгізіледі.

6. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сәйкес 4-бабына резидент заңды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшесін коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) әділет органдары жүзеге асырады, ал коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырады (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).

7. Мемлекеттік кірістер органы:

1) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініштің негізінде бейрезидент – заңды тұлға туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына 2 (екі) жұмыс күні ішінде енгізуді жүзеге асырады;

2) салық төлеуші ретінде тіркелген кезде берілген тіркеу деректеріне жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің нөмірлер тізілімі автоматтандырылған режимде келіп түскен мәліметтердің негізінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;

3) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініштің негізінде және (немесе) "Салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы профиліндегі мәліметтердің негізінде заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің бюджетпен есеп айырысуға жауапты қызметкері, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуді 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Назым Қанатбекқызы ҚАДЫР,
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМДЕР

2026 жылы күшіне енген жаңа Салық Кодексі жеке тұлғалар мен бизнес үшін бірқатар өзгерістер әкелді, соның ішінде Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер бойынша: **ҚР Салық Кодексінің, 348-бап. Аванстық төлемдерді төлеушілері**

1. Мынадай тұлғаларды қоспағанда, корпоративтік табыс салығын төлеушілер аванстық төлемдерді төлеушілер болып табылады:

1) алдыңғы салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңде түзетулер ескеріле отырып, жылдық жиынтық кірісі алдыңғы қаржы жылының алдындағы айлық есептік көрсеткіштің 600 000 еселенген мөлшеріне тең сомадан аспайтын салық төлеушілер. Осы тармақшаның мақсаттары үшін жылдық жиынтық кірісті айқындау кезінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген кірістер есепке алынбайды;

2) егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, тіркеуші органда мемлекеттік (есептік) тіркеу жүзеге асырылған салықтық кезең ішінде, сондай-ақ келесі салықтық кезең ішінде - жаңадан құрылған (пайда болған) салық төлеушілер. Бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлға осындай қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ егер бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлға осындай қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептесе, кейінгі екі салықтық кезең ішінде аванстық төлемдерді төлеуші болып табылады;

3) салық органдарында тіркеу жүзеге асырылған салықтық кезең ішінде, сондай-ақ келесі салықтық кезең ішінде - салық төлеушілер ретінде салық органдарында жаңадан тіркелген, Қазақстан Республикасында қызметін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін ашпай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар;

4) осы Кодекстің және ережелерін қолданатын коммерциялық емес ұйымдар;

5) осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін мүгедектігі бар адамдардың ұйымдары;

348-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы 2029 ж. 1 қаңтарға дейін

6) «Астана-Хаб» қатысушылары;

7) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым;

8) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Орталықтың органдары және АХҚО органының ұйымдары;

9) осы Кодекстің көзделген Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес құрлықта газ жобаларын игеруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар.

2. Цифрлық активтер саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге осы баптың 1-тармағының 1) - 9) тармақшаларында көзделген ерекшеліктер қолданылмайды.

3. Жылдық жиынтық кірісті айқындау кезінде:

1) осы Кодекстің сәйкес салық салынатын кірісті азайту қолданылған кезде, Қазақстан Республикасының кинематография туралы заңнамасына сәйкес ұлттық фильм деп танылған фильмді пайдалануға айрықша құқығы бар, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы кинозалдарда прокаттаудан және көрсетуді жүзеге асырудан түсетін кірістер;

2) осы Кодекстің сәйкес салық салынатын кірісті азайту қолданылған кезде, теңіз кемесімен жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) бербоут-чартер, тайм-чартер шарттары бойынша қызметтер көрсететін салық төлеушінің кірістері;

3) осы Кодекстің 17-бөліміне сәйкес корпоративтік табыс салығын азайту қолданылатын қызметтің басым түрлерінен түсетін кірістер есепке алынбайды.

Д. М. АЛТАЕВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша МКБ бас маманы

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ІРГЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексі аясында Қазақстанның салық жүйесіне, соның ішінде ЕАЭО (Еуразиялық экономикалық одақ) елдерімен арадағы импорт пен экспорттық операцияларға тікелей әсер ететін өте маңызды және іргелі өзгерістер енгізілді.

ЕАЭО аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер мен есепшілер (бухгалтерлер) үшін ең негізгі өзгерістерді бірнеше блокқа бөліп қарастыруға болады:

1. ҚҚС (қосылған құн салығы) мөлшерлемесінің өсуі және шекті мәні

ЕАЭО елдерінен (Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Армения) тауар импорттайтын компаниялар үшін ең басты жаңалық:

• ҚҚС мөлшерлемесі 16%-ға дейін өсті: Бұған дейін қолданыста болған 12% базалық мөлшерлеме жаңа кодекс бойынша 16% болып бекітілді. Демек, ЕАЭО-дан тауар киргізген кезде төленетін импорттық ҚҚС (328.00 салық нысаны бойынша) енді 16% мөлшерлемесімен есептеледі және төленеді.

• ҚҚС-қа тіркелу шегі төмендетілді: Міндетті түрде ҚҚС төлеуші ретінде есепке тұру үшін ең төменгі айналым шегі 10 000 АЕК-ке дейін (шамамен 40 млн ₸) азайды. ЕАЭО-мен белсенді сауда жасайтын шағын бизнес өкілдері бұл шектен тез асып кетіп, ҚҚС төлеушісіне айналуы әбден мүмкін, сондықтан айналымды жіті қадағалау қажет.

2. ЕАЭО елдерінен қызмет көрсетуді сатып алу (Нерезиденттер ҚҚС-ы)

Егер сіз ЕАЭО елдеріндегі компаниялардан электрондық қызметтер немесе басқа да жұмыстар сатып алсаңыз:

• Төлем көзінен ұсталатын ҚҚС мөлшерлемесі де **16%-ды** құрайды.

• ЭСФ жазып беру: Нерезиденттерден сатып алынған қызметтер бойынша Электрондық шот-фактураларды (ЭСФ) рәсімдеу және оны есепке (зачетқа) жатқызу тәртібі бойынша Салық органдарының жаңа бақылау талаптары күшейтілді.

Н. КАДИРОВА,
салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің бас маманы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 567-бабына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 сәуірінде көлік құралдары бойынша 2025 жылға есептелген көлік салығын төлеу мерзімі аяқталды.

Бүгінгі таңда, тікелей уәкілетті органның мәліметі негізінде көлік салықтары 11.03.2025ж. бастап (36 761 СТ, 66 806 КҚ, сомасы-1 210 267 млн.) есептелінді.

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы жаңадан тіркелген 6 836 көлік құралы тіркеліп, сомасы 40 097 мың теңгеге ұлғайып отыр.

Есептелген салық туралы ақпараттарды «e-Salyq Azamat, Kaspi, Homebank» мобильді қосымшаларындағы жеке тұлғалардың алдағы төлемдерді төлеу қызметі сервисі арқылы төлей аласыздар. Push хабарламалар жолданған.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барша азаматтарды көлік салығын уақытылы төлеуге шақырамыз.

Себебі, 2026 жылдың 2 сәуірінен бастап уақытылы төлем жүргізбеген тұлғаларға салық берешегі туралы хабарламалар борышкерлерге жолданған.

Бүгінгі таңға, жаңадан пайда болған 3062 СТ-ден 77 807 мың теңге берешек қалып отыр.

Бұдан бөлек, есептелген салықтарды уақтылы төлемеген жағдайда, кешіктірілген әрбір күнге өсімпұл жүреді.

Бір айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) астам берешек сомалары бойынша хабарлама табыс етілген соң 30 (отыз) жұмыс күнінен кейін берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу туралы салық бұйрығы жіберіледі.

Бұл салық бұйрығы 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алу үшін беріледі.

Сонымен қатар, 40 АЕК-тен жоғары берешек болған жағдайда азаматқа Қазақстаннан кетуге тыйым салынуы мүмкін.

Бұл ретте, жеке сот орындаушылары берешек сомасынан басқа шоттарға тыйым салу және шығуға шектеу қоюдан туындаған қолайсыздықтар туралы айтпағанда, салық берешегі сомасының 25%-на дейінгі мөлшерде қосымша төлемді өндіріп алатындығын хабарлайды. Төлемді уақытылы төлеуге шақырамыз.

Н. Н. ИЛИШЕВ,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1286.

Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің Жоғары соттары төрағаларының Қазақстанға сапары 18-ші маусымда басталған болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркі елдердің Жоғары Соттары төрағаларын арнайы қабылдап, елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси және құқықтық реформалар жөнінде айтып берді. Кездесуде заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ сот жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері сөз болды.
Ал 19-шы маусым күні Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркияның Жоғарғы соттарының Төрағалары Түркістанда бас қосты.



БИЛЕР АЛЛЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚОЙЫЛҒАН ТАҒЗЫМ

Түркістан дегенде есімізге бұдан бір ғасыр бұрын ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың мына бір керемет жырының:

Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңір берген несібі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен!
– деген шумағы ойға келеді.

Сол күні Түркістанда өткен ТМҰ-на қатысушы елдердің жоғарғы соттарының 2-ші конференциясына Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанның жоғары сот органдарының басшылары қатысты. Конференцияны Қазақстан Жоғарғы Сотының Төрағасы Асламбек Мерғалиев ашып, Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың құттықтау сөзін оқыды. Мемлекет басшысы талқылауға шығарылған сот процестерін цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу, сотаралық ынтымақтастықты дамыту және инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мәселелерінің өзекті екендігін атап өткенін қатысушыларға жеткізді. Одан әрі төраға өз сөзінде: «Азаматтардың орналасқан жеріне қарамастан сот қорғауына қолжетімділігін қамтамасыз ететін заманауи, цифрлық және аумақтан тыс сот төрелігінің қазақстандық «Болашақ соты» тұжырымдамасын ұсынды. Қазақстанда 15 жыл ішінде жасанды интеллект енгізуге негіз болған сот жүйесінің ауқымды цифрлық инфрақұрылымы құрылды. Қазірдің өзінде сот жүйесінде сот практикасын талдауға, істердің ықтимал нәтижелерін болжауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық талдау құралдары мен судьялардың зияткерлік көмекшілері қолданылады.» деді.



Пікірталастың едәуір бөлігі инвестициялық тартымдылық пен инвесторларды сотта қорғау мәселелеріне арналды. А.Мерғалиевтің айтуынша, заңнаманың тұрақтылығы, құқық қолданудың болжамдылығы және тиімді сот қорғауы инвестициялық шешімдер қабылдауда негізгі факторлар болып табылады. Жиын барысында Әкімшілік әділет реформаларының нәтижелері және АХҚО соты мен Төрелік орталығын қоса алғанда, мамандандырылған институттардың рөлі атап өтілді. Қазақстанның негізгі бастамаларының бірі сот практикасымен және үздік құқықтық шешімдермен алмасу үшін ТМҰ жоғары соттарының бірыңғай цифрлық платформасын құру туралы ұсынысы айтылды. Барлық қатысушылар бұл бастаманы қолдап, оның сот төрелігінің сапасын арттыру және ТМҰ-на мүше мемлекеттердің сот жүйелері арасындағы кәсіби өзара іс-қимылды нығайту үшін маңыздылығын атап айтты.

ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев интеграциялық процестерді соттық өлшеудің маңыздылығын атап өтіп, бауырлас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға назар аударды. Түркия кассациялық сотының төрағасы Омер Керкез, Түркия Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Йигит Зеки, Әзербайжан мен Қырғызстан Жоғарғы Соттарының төрағалары Инам Керимов пен Медербек Сатыев және Өзбекстан Жоғары сот органы төрағасының бірінші орынбасары Әлішер Усманов сотаралық өзара іс-қимылды нығайту, цифрлық сот төрелігін дамыту, ЖИ технологияларын жауапкершілікпен қолдану және инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру қажеттігіне тоқталып өтті. Конференцияда сот практикасымен алмасу, сот жүйелерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету және судьялардың жаңа буынын даярлау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Конференция қорытындысы бойынша делегация басшылары Бірлескен мәлімдемеге қол қойып, цифрлық сот төрелігі саласындағы ынтымақтастықты дамыту, тәжірибе және озық практикалармен алмасу ниетін бекітті. Форум соңында А.Мерғалиев қол жеткізілген уағдаластықтар ТМҰ кеңістігінде құқықтық интеграцияны одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

ТМҰ-на мүше мемлекеттері жоғары соттарының 3-ші конференциясы 2027 жылы Қырғыз елінде өтетін болды.

Ал 20-шы маусым күні Түркістан сотының алдында Билер аллеясының ашылуы аталған халықаралық шараның жалғасы ретінде ұйымдастырылып, түркі елдері арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайтуға және ортақ тарихи-рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

Руханият ордасы Түркістан қаласының дамуы мен көркеюі бағытындағы жүйелі жұмыстардың 7 жыл бойы жалғасып келе жатқаны жалпақ жұртқа белгілі. Оған әкімдіктермен қатар жергілікті соттар да өз үлестерін қосуда.

Осыдан екі жарым жыл бұрын қаланың келбетіне көрік қосқан заманауи әрі сәулетті Түркістан облыстық сотының жаңа ғимараты пайдалануға беріліп, оның ашылу салтанатына қатысқан едім.

Міне, өткен сенбіде тағы бір тарихи оқиғаның куәсі болып, Түркістан облыстық сотының жанынан салынған БИЛЕР АЛЛЕЯСЫНЫҢ ашылу салтанатына қатыстым! АЛЛЕЯНЫҢ ашылу салтанаты өте жоғары деңгейде әрі жарасымды жағдайда өтті. Жаңадан салынған БИЛЕР АЛЛЕЯСЫНЫҢ лентасын қию бақыты Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің Жоғарғы соттарының төрағаларына бұйырды.

Ескерткіш кешенінің лентасын қияр алдында, Сот жүйесінің ардагері, Қазақстанның Құрметті судьясы, Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының «Құрметті азаматы», Төле бидің жетінші ұрпағы Өмірбек Темірұлы бата берді.

Батадан соң Қазақстанның Жоғарғы Сот Төрағасы А.Мерғалиев, Әзербайжан Республикасының Жоғарғы сот төрағасы И.Керимов, Қырғызстан Жоғарғы сот төрағасы М.Сатыев, Түркия Республикасының Кассациялық сот төрағасы О.Керкез, Түркияның Мемлекеттік кеңес төрағасы З.Йигит, Өзбекстан Жоғарғы сот төрағасының 1-ші орынбасары А.Усманов және ТМҰ-ның Бас хатшысы К.Омуралиев «БИЛЕР АЛЛЕЯСЫ» ескерткіш кешенінің лентасын қиды.





Бұл тарихи шараға Түркістан облыстық сотының төрағасы Айдос Султанов пен облыстық мәслихаттың төрағасы Нұралы Әбіш қатысты.

Бұл аллея қазақ халқының құқықтық мәдениеті мен Билер соты институтының тағылымын дәріптеуге арналғаны байқалып тұр!

Аллеяның ортасына таман төрт бағана және үлкен тақта орнатылған екен.

1-ші бағананың үстіңгі жағына «ЕЛГЕ БАЙ ҚҰТ ЕМЕС, БИ ҚҰТ!» деп, ал ұзына бойы тігінен «ҚАСЫМХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ» деп көрнекті түрде жазылыпты.

2-бағананың үстіне «Қазақтың Билер соты – тарихи ұлттық құндылық» деп, ал ұзына бойы тігінен «ЕСІМХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ» деп жазылыпты.

3-бағананың үстіне «Жеті жарғыны» құрастырып шығарған даңқты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. белгілі билер деп, ал тігінен «ТӘУКЕ ХАННЫҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» деп жазылыпты.

4-бағананың үстіне «Абай Ұлы ойшыл, ағартушы, ақын әрі би болған» деп, ал тігінен 1885 жылы Абай жазған «Қарамола» Ережесі» көрсетіліпті.

Одан кейінгі үлкен тақтада ТҮРКІСТАНДА ЖЕРЛЕНГЕН ҚАЗАҚТЫҢ 23 БИІНІҢ аты-жөні ірі әріптермен жазылыпты.

Шын мәнінде, бұл жаңа нысан түркі халықтарына ортақ әділдік, даналық және заң үстемдігі қағидаттарының сабақтастығын айшықтап тұрғандай!

Мағжан Жұмабаевтың мына бір шумағы:

Арыстан елге Отан болған Тұран.
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған
Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен,
Басында Күлтөбенің құрылтайын", -

дәл осы аллеяға арналғандай екен!

Салтанатты шара аясында мәртебелі меймандар аллея аумағында естелікке ағаш отырғызды.

Жалпы бұл аумақта ағаштар егіліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, толық абаттандырылып, әсем әрі көркем болып тұрғаны бәрімізді де қуантты.

Бір сөзбен айтқанда, осы жердегі тұрғындардың рухани және жайлы демалысы үшін барлық қажетті жағдай жасалыпты.

Осы ретте айтпағым, тарихи әділдік пен құқықтық мәдениеттің сабақтастығын дәріптейтін аллея Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің қолдауымен және Түркістан облыстық сотының төрағасы Айдос Султановтың ұйымдастыруымен бой көтерген. Құрылыс жұмыстары наурыз айында басталып, кеше тұрғындар игілігіне ұсынылды. «БИГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ» дегенді естен шығармай, сот ғимараты жанынан ерекше «БИЛЕР АЛЛЕЯСЫН» салып, ел игілігіне берген басшылар мен құрылысшыларға мың алғыс! Түркістанда ашылған Билер аллеясы – ұлы бабаларымызға деген құрметтің көрінісі. Қорыта айтқанда, аллея жас ұрпаққа әділдік пен елдік рухын дәріптеп, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тағылымды орын болары анық. Сөз соңында ағайынға айтарым, даңқты билердің рухы баршамызды қолдап жүрсін дегім келеді!



Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы,
қоғам қайраткері, «Әділет»
газетінің арнаулы тілшісі.